


# АЛТЫН

Республикалық әдеби-көркем  
және алеуметтік журнал



Тарих және біз  
Д.ЫСҚАҚҰЛЫ  
Зобалаң

Проза  
Т.Рыскелдиев  
Ене сұті

Тарих және тұлға  
Б.Шахманов  
Естіген – күмән,  
көрген – ақиқат

Мәдени мұра  
Қ.Шекеев  
Алтын адам дең  
жүргеніміз кім?

№2 2015



Жанат ЕШІБЕК,  
Халықаралық «Алаш»  
сыйлығының лауреаты

# АЛТЫН

# КІНДІК

(Көрнекті қаламгер Болат Бодаубайдың шығармашылық әлемі хақында)

## ШОЙЫНЖОЛ ҮСТИНДЕГІ ОЙ

«Астана-Алматы» пойызы зуылдан жүйткіп келеді. Донғалақтар ұздіксіз зырылдайды. Ойым әлем-таптырық. Еріксіз басымды көтеріп, күпе терезесіне кайта тесілдім...

Айнала-төңірек шыркөбелек дөңгеленген бойы қол бұлғап қалып жатыр, қалып жатыр. Домбыраның ішегіндегі тартылған рельстің қос қапталына алма-кезек ауысқан жапжасыл желекті тоғайдың рені көз куантады. Әдетте маусымның шілдеге ұласар осынау өлара мезгілінде Шу алқабының борпылдақ топырағы шаңтытып шалынатын. Ж-о-к! Биылғы жазиралы даланың демін де, ажарын да ап-анық сезгендеймін. Бусанған жердің ылғалды нұы қопқою, әншейінде сидиып-сидиып селдір көрінетін бәкене тал-теректің ара-арасын қуалаған қалың шалғын мен жалғыз-жарым тырбиған бұта біткеннің түбіне байланған шок-шок көкмайсаның өзі толки желкілдейді. Откен жаздағы көңіл құлазытқан көріністердің күйіндегі, әлгі жол жиегіндегі бөрікбас ағаштардың ойдым-ойдым аланқайларынан күйелеш-күйелеш томарлардың тұқылдары бой тасалайды. Мыртық түбірлерге тырмысып шыққан жүрек жапырақшалы балғын өскіндер пойыз екпінінен тұрган жел өтіне шыдамай дір-дір етеді. Тұп-тура көз алдымдағы сурет алақайлап шаттанған бейқүнә бөбектей елестеген. Мың-миллион түске боялған гүлдердің үстінде қалбалактаған көбелектер де кисапсыз мәз. Кызыл, кегілдір, ақ, сары, коныр, шұбар ала, күлгін көбелектер жанарынды қызықтырады-ай!..

Мыымды шыырлаған ойларым алды-артына қарайламай ілтері асыққан пойыздан да ұшқыр. Қанатты қиялым қыирдан-қыир асып, аспандай



Болат Бодаубай

тым биікке самғап кеткені қаш-а-н. Ұшығын ұстай алсамшы. Мінеки, қарама-қарсы ұшырасқан ұбак-шұбак ауыр керуен тағы да дүн-дүниені дүрсілдетіп, салдыр-гүлдір сартылдаған күйі өте шыққан. Иле-шала көрші купедегі әңгімешіл шалдың тарғыл даусы естілді.

– Аз уақыттан соң Шокпарға жетеміз... Бірақ бұл скорый пойыз онда тоқтамайды... Жаңағы қалып бара жатқан Еспе разъезі ғой...

Менің құлағым елен ете қалды. Жатсам-тұрсам күнұзақ көз алдыманнан кетпей қойған таныс бейне

бұрынғыдан айқын сұлбаланғандай. Қекейімдегі күпті сауал одан бетер тыптыршытқан.

«Шынымен-ақ Шокпарға келіп қалдық па? Сұрасам ба екен? Кім біледі, Болат Бодаубайды танитын шығар. Өздері қатар-құралпас сыйылды. Осы өнірде туып-өссе біраз сырға да қанағармын...»

...Жаратылыстың жұмбағы мен табиғаттың тылсымы шексіз-ау. Сол ғажайып құпия құбылыстардың санатына адам жады жатса керек. Жұрт айтса сенгісіз танғаларлық оқиғаларды өзіміз де жи бастан кешіп жүрміз. Шойынжол үстіндегі ойым сан-саққа жетелеген мен де тұра сондай күйге түскем. Шу өніріне іліккеннен бері жанарыма Болат аға бейнесі жи орала берген. Ал «Шокпар» деген сөзді естігеннен-ақ өзгеше елеңдегенім рас. Неге екенін өзім де жыға ажыратса алмаймын. Алматы мен Астанаң арасына пойызben қатынаған сайын өстітінім бар. Алау кезінде, мөлдір шағында миыңа шегеленіп қалған жағдаяттар ешқашан ескірмей, қаз-қалпында ұялап жататын секілді. Бұған менің көзім де, көнілім де әбден жеткендей...

Бөкенмен ең алғаш бетпе-бет жүздескенім, сондағы іштарта тілдескені әлі есімде. Онда мен үшінші курста оқытынмын, жаңылмасам алтыс сегіздің жазы. Әдеттегідей лекциядан кейін, апыл-ғұптың студенттік асханадан жүрек жалғап алыш, редакциялар орналасқан ЦУМ-ның іргесіндегі гимаратқа тартқам. О кезде Коммунистік(казіргі Абылайхан) даңғылындағы №63 үш қабатты жұптыны үйде «Лениншіл жас» («Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» («Ұлан») газеттері мен «Балдырған», «Білім және енбек» («Зерде») журналдары жайғасқан. Сондай-ақ, мұнда «Ленинская смена», «Дружные ребята» газеттері бар. Жүргіме ыстық осынау киелі мекеннің табалдырығында жолыға кеткен Құрманғазы Мұстафин анқылдай қарсы алған. Езуіне қыстырған сигаретін құшырлана екі-үш мәрте сорды да жөн-жосығымды сұрай жөнелді. Аса майда жұмсақ үні енсемді лезде тіктетіп жіберген.

— Соңғы уақытта көлемді дүниелерінен көріне бастадын. Мүмкіндігін болса, ерінбегейсін. Өзің жатакханада тұрасың ба, жоқ әлде пәтердемісің? «Толқындар тулап жатыр» деген очеркінді запасқа, теруге жібердік. Таяуда шығып қалар. Заводеліме де ұнаган сыңайлы. Қазір, сен Болат Бодаубаев ағаңа жолықшы, өзіңмен сөйлескісі келеді.

— Ол кім?

Менің корғаншақтаң, мән-жайды онша түсінбей қалғанымды сезген Құрманғазы жоғары өрлей берді.

— Ұялма, еш қысылма! Бермен жүр,-деген бойда жыптыраған есіктердің бірін ішке итере ашқан. Алакөленке ұзыншалуа бөлменің төріне тақады. — Беке, өзіңіз сұрап жүрген студенттілшіміз Жанат мырза осы жігіт. Танысып, сөйлесіп, тапсырмаңызды айта беріңіз...

— Сырттай жақсы білемін гой. Кәне, мынажерге отыршы,—деп жаңындағы орындықты ілгерірек жылжытқан бөлім менгеруші. Алдындағы шұқшиып оқыған қағазы мен қаламын үстелінің бір шетіне сырғытып қойды.

— Сен өзі Балқаштың қай бетіненсін? Газеттерде жарияланып жүрген хабар-ошарларыңа адресінді түрліше көрсетесің. Біресе Балқаш қаласы, ал енді бірде Қаратал ауданы деп жазасын. Мұны сұрап отырғаным мен Қарағанды мен Балқашты жақсы білемін, сол жақта собкор бол істегем.

— Ия, сізді танимын... Қазақстан Магниткасынан, Балқаш кен-байту комбинатынан жи жазатынсыз... Сізді біздің Балқаш жақтан деп ойлайтынмын... Сөйтсем...

Әр сөзімді зейінмен тыңдал, күлімдеп отырған Болат аға менің күмілжі сөзімді ынғайсызыдау қабылдаған кейіпте:

— Сейтсек, — деді бетімे үңіле қарап.

— Жәй айтқаным да. Сіз Шокпардан екенісіз. Кешегі газеттегі очеркінізден анғардым... Ал біздің ауыл Қаратал өзенінің төменгі сағасында, Балқаштың жағасында. Қызық. Иргедегі шалқып жатқан көгілдір айдын көлді жергілікті жүрт «теңіз» атайды. Осы қамыс-құрагы сынсыған, үйрек-қазы мен акқуы сыйылған, сазаны мен бекіресі тайдай тұлаған теңіз бойындағы ежелгі екі-үш елді мекен балық кәсіпшілігіне байланыстыарғы беттегі Балқаш қаласынан тікелей бағынышты. Сондықтан да өзім туып-өсken Фрунзе, Көпірлік балықшы ауылдары кезінде Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Алматы облыстарының аумағына жатса, ауданымыз бірде Бөрлітебе, бірде Қаратал аталаған жүрді...

— Түсіндім-түсіндім... Тұп-тұра біздің ойдағы Шу, күмдағы Мойынқұм аймақтары сиякты екен...

Әңгімеміз осылай жарасқан біз біраз сөйлестік. Әр сөзінен, ой-пікірінен құргак пәлсапа, жалаң ақылгейліліктің ұшқыны да сезілмейтін Болат ағаның мейір шуағына толы лебіздері бойымды әжептеуір сергітіп, алабетен

қанаттандырған. Бұған дейін тіпті, байқасамшы, орнынан жайрандап шағын кабинетте қысылып-күмтүрьылыш, үн-түңсіз алдарындағы қобыраған-қобыраған қағаздарына тесілген журналистерді көріп қатты ыңғайсыздандым. Қиналыс күйімді аңғарған Бекең қоштасып, шығып кетуге ыңғайлантан мені сәл бөгөнкіреді. Күн аралатып, апта айналдырып редакцияға жазған-сызғандарымды әкеліп жүргенде, жүздері таныс жігіттердің аты-жөндерін айттып таныстырған.

— Жанатжан, кәне тұра тұршы. Өзің де сырттай танитын шығарсың. Баймолда Мусин, Рашит Рахымбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Құрманғазы Мұстафин дейтін ағайларың... Мына жерде отыратын, жақындаған қызыметке қабылданған жас журналисіміз Ырым Кененбаев түнде баспаханада кезекші болған. Түстен кейін келеді ғой...

— Баланы білеміз, — деді әлгінде осы кабинетке жетелеп кіргізген Құрманғазы өзімсініп. — Жүр, шығарып салайын.

Озгелер де жылышырай білдіріп жатыр...

Сол кездегі Бекең туралы естіген әңгімелер де есімде. «Ленжастың» Шерхан Мұртазадан кейінгі Қарағанды облысындағы қарымды, танымал өз тілшісі болған Бекеннің Қарағанды шахталарынан, облысынан, Қазақстан Магниткасынан, Балқаштан жазған материалдары жиі жарияланатыны жадымда. Мен онда ҚазПИ-дің бірінші курсына түскен кезім. Содан 1967 жылы қоқтемде редакция Бекенді студент-жастар бөлімнің менгерушілігіне шақыртып алады. Университет бітірген соң «Ленжасқа» алынған Кәдірбек Сегізбаев Бекеннің қарамағында әдеби қызыметкері болып істейді. Табиғатында менмендік те, өктемдік те жоқ, қол астындағы қызыметкерге қол ұшын беріп, көмектесуге әзір тұратын, журналистік сынақтардың бәрінен сүрінбей өткен тәжірибелі Бекенмен бірге істей Кәдірбектің де тез қанаттанып, өзіне деген сенімін нығайтып, белгілі, беделді қызыметкерлер катарына тезірек қосылуына септігін тигізеді. Бір жылдан соң редакция басшылары Бекенді жауапкершілігі жоғары, жұмысы қынсаналатын, материалдары өнен бойы Орталық комсомол комитеті назарында болатын комсомол тұрмысы бөліміне менгерушілікке ауыстырғанда Бекен өзінің орнына, студент-жастар бөлімнің менгерушілігіне Кәдірбек ағаны ұсынып, еткізілті.

Бекеннің қазіргі әдеби қызыметкері, өзінің де мінезі жайлы, кердендігі жоқ, кішіпейіл,

редакцияға келетін авторларға да іштарта, жылы ұшырай қарап, демеп жіберуге әзір тұратын Құрманғазының сөздерінен өзінің бөлім менгерушісін қатты сыйлайтынын, оған деген ерекше ризалығын аңғарғандай болған едім

Студент атанғанға дейін ауылдан ешкайда ұзап шығып көрмеген маған «Ленжас» екінші үйімдей боп кеткен. Сабактан соңғы бос уақыттымның көбін осында өткізем. Мұндағы журналист ағайлардың бетімнен қақпай, қамқор құшактарын ашқаны шығар. Жауапты хатшы Сәбит Жиренов «пионер кезінен білемін» десе, осындағы ең жас бөлім менгеруші Кәдірбек Сегізбаев «біздің студент тілшіміз» деп ықылас танытса, әр материалымды өзі қорытып, жедел әзірлеуге қол ұшын созып жүрген Құрманғазы үш-төрт жас үлкендігіне қарамастан үнемі достық пейілін көрсететін. Енді міне, ол бүгін республикаға танымал қаламгер Болат аға Бодаубаевпен етene таныстырып, жақындастырған.

Ойым да, бойым да биіктеп, көнілім асқақтаған менің құлағымнан Бекең шерткен сыр үзіктері кетер емес. Жатақханаға жаяулап жөнелгенмін, жазуға құштар жанымдағы жігіттерге кімді көргенімді, оның не айтқандарын жеткізгенше асыққам. «Жанатжан, маған сенің жазғандарың ұнайды. Әсіресе, газет-журналдарда жарияланып жүрген ребус, криптограммаларың қатты қызықтырады. Танымдық дүниелер адамның білім-білігін арттырып, ой өрісін кенейтеді. Құрманғазы айтқан болар, балықшылар, сондағы комсомол үйимы туралы жазған очеркің сәтті екен. Киелі шанырақ «Лениншіл жасты» кейінгі кезде «жас қаламгерлердің ұстаханасы» деп орынды атап жүр. Сондықтан газеттің арғыбергі тарихынан хабардар болғаның жөн. Қазіргі Шерхан Мұртазаевтан бұрын басылым тізгінін Абай Бейсембаев, Әбсаттар Бөлдекбаев секілді нағыз қалам қайраткерлері ұстаған. Асыл ағаларымыздың заманында журналистиканың көрігін қызыдырғандар катарында айрықша үкілеп айтарақберен жазғыштар да шоғыр-шоғыр. Олар – Сапар Байжанов, Қекімжан Қазыбаев, Әбілфайыз Үйдірысов, Тельман Жанұзақов, Сейдахмет Бердіқұлов, Камал Смайлов, Қалдарбек Найманбаев, Бек Тоғысбаев, Хайдолла Тілемісов т.б. Ұлардың көбін өзің де жақсы білуің мүмкін. Жазғандарын оқыған да шығарсың. Бүгінде қасиетті эстафета біздің буынның өкілдерінде. Осылайша толқынға толқын ұласа бермек. Ол – заңдылық. Соңғы бір жылдың мұғдарында Шерағаң бес-алты жігітті уақытша қызыметке

алды конкурстық негізде. Үш айлық тәжірибелік сынақтан сүрінбей өткендері ғана турақтап қалмақ. Мұны айтып отырғаным, кеше лездеме үстінде жауапты хатшы Сәбит Жиленов «Алдағы уақытта секретариатқа қызметке сені алу керек» деді. Оның бұл ұсынысын редактордың орынбасары Қалдарбек Найманбаев та қолдаған. Өзінді танитын басқалар да жылы лебіздерін айтып жатқанда ішім жылып қалды. Өйткені, мен де кез-келгеннің табаны іліне бермейтін бұл газетке тамыр-тансыссыз, өз талпынысым арқылы орналасқанмын. Студенттік жылдары «Ленжаста» бөлім менгеруші боп істейтін, карымды қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың идеясымен, яғни бас-көз болуымен «штаттан тыс студент-жастар бөлімін» құрып, газет жұмысына белсene арапастық. Талай-талай көкейкесті проблемаларды қозғап, жастар өміріне қатысты алуан түрлі материалдар ұйымдастырыдық. Сөйтіп журналистиканың ыстық-сұрынына сұнгіп кеттік. Әйтеуір, ғанибетті үрдістің үзілмеген жақсы...»

Келмес күндердің сүле суреті қазір де жанарымның алдында бұлындауды-ау. Зуылдан жүйткіп келе жатқан жүрдек пойыз екпінін тежеп, боздата белгі берді. Жалма-жан ұзақ күнге ермегіме айналған әйнекке үңілгем. Қатпарланған жолбарыс жонды жоталар іркестіркес қалып барады. Қияльыңды ұштаған дала бедерлері тіптен ажарлана түсken. Әлгі тақия төбелердің буылтық-буылтық белдеулерін кескен кемер жол шенберлене шалынып, ұбақ-шұбак созылған көштің соңғы вагондары қолсозымдай тұста жүтіріп келеді. Қалар түрі жоқ, шаршамайды да. Құдды енесінің бауырында күлдіраған құлындардай елестеген. Жады қоңырауын дабылдатқан сайын әрқилы кейіпте, әрқилы жағдайда, әрқилы көніл-күйде кескіндеп отырған Болаттың бейнесі санама қайта-қайта орала беретінін қайтерсін. Ойлағандықтан, өткенде еске түсіріп жаңғыртқаннан болар. Бек мүмкін. Мінеки, арында алға ұмтылған отарба Шоқпарға сәлем берген бойда өте шықкан. Үлкен стансаның көз жетер көкжиегіне дейін ынтыға сүзілемін. Көкейімдегі ой белгілі. «Ә-не, ан-ау-у сөмкесін арқасына ілген қарасирақтардай Болат та бекет бойын жағалап мектебіне асықты фой. Әрине, о заманда, оның қолында анасы тігіп берген шүберек сөмкे еді...» Заматта ойша сызған суретімді бағана «осынау жолбарыс жонды жоталардың үстінде мал бағып жүрген бозбаланың бейнесі», ойдағы

жасыл-желекті шырайлы Шу аймағынан Арқа төріндегі Бұқілодақтық екпінді комсомол жастар құрылышы Соколов-Сарыбай кен-байту комбинаты мен Рудный қаласын салуға қатысқан «Он алты жастағы алау жүректі жігіттің» қасына апарып қойғанмын.

Одан кейінгі Бекенің бүкіл ғұмыры маған аян. Ұшқыр журналист-жазушы, ақылшы аға, қамкор ұстаз, илегеніміз бір терінің бұшпағы болған әріптес-замандас ретіндегі болмыс-бітімін алақанымдағыдай білемін десем артық айтқандық емес. Құдайға шүкір, ағалы-інілі екеуміздің жұбымыз жазылмай қалам майданында кол ұстасып келе жатқанымызға жарты ғасырға жуықтапты.

Іә, бәрі-бәрі жүргімде сайрап түр... «Шіркінай, көніл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?!» Бабаларымыз көніл құсы шарықтаған сәтте айтқан-ау. Кезінде өзім «Лениншіл жастан» қызығып оқыған Бекенің «Біздің ауыл Шоқпардың қырқасында», газеттің бір бетін түгел алғып шыққан «Қаныштың көзі» сиякты очерктерінің тақырыбы да көз алдында күні кешегідей көрініс береді. Адымыздағы қаламы жүйрік ағалардай болып, біз де төгілдіріп, көлемді, тартымды дүниелер жазар ма екенбіз деп армандап жүрген сезімтал, сергек шағымыз фой.

Біздің ауыл Шоқпардың қырқасында,  
Әлде жаңбыр, әлде қар бүркасында.

Ақ білегім мойныңа орай салсам,

Айырылмаса ақ білек, қырқасың ба? – деген, Бекенің очеркінде айтылған өлең жолдары менің де таңдайымды тақылдатып, тебіреністі толғаныска түсіріп, кеудемді кернегендей.

Болат жазушының алтын кіндігі, өзегін жарып шыққан шығармаларының қызыл тіні боп өрілер әңгімелері мен хикаяттарында елжірей, егіле суреттегелетін Шоқпар қол бұлғап қалып барады.

Донғалактар тынымсыз зырылдайды...

Келер күндерге – қелешекке асықкан пойыз карқының үдете түсken ...

Қанатты қиялым да ой ұшқындарын жарқылдатып самғап келеді...

## КИЕЛІ ҰСТАХАНА ТӨРІНДЕ

...Ақшуақ пейілдерге бөлениген күндер айларға ұласқан. Болат ағаның сыр ғып жеткізген әңгімесі ақиқатқа айналғандай. Шамасы, бір жылдың о жақ бұжыры. Соңғы курстың қысқы сессиясын ойдағыдай тапсырып, қолым қалт еткенде

редакцияға бас сүккән мені жауапты хатшының орынбасары Серік Әбдірайымов аңқылдан қарсы алды.

— Керінбей кеттің ғой өзің. Емтихандарың қалай? — Қашанда жайдары қалпын өзгертпей, өбектеп, емірене тілдесетін ғадетімен жөн сүрай бастады. Бұрынғыдан да қоңілдірек. Сөз әлпетінен әлдеқандай бірденені бүгіп, іш ашпай отырғаны сезіледі. Өзі бұрыннан хабардар кей жайларды қайталай тәптіштеген. — Кәне, менің соңымнан ер. Замредактор мен жаухатшыға официально жолықтырып шығайын...

Артық-аудыс ештеңе айта алмаған күйі қарсыдағы есігі айқара ашық тұрған кабинетке кірдік.

— Сәлеметсіз бе, Сәбит аға?

— Е-е, келдіңдер ме? — Тұрлі-тұсті бояу қарындашымен макет сыйған жауапты хатшы басын қөтерген кейілте менің өн бойыма жанар жүгірткен.

— Сен Жанатжан, институтынды биыл бітіресің бе? Сәтін салса, дипломынды алдағы жазда аласың ғой.

— Иә, Сәбе, биыл аяқтайды екен окуын. Жаңа жақсылап сөйлестік, — деді менен бұрын жауап қатқан Секен.

Осы мезетті күткендей аман-саулығымызды сұрастыра қол беріп, кіріп келген редактордың орынбасары Калдарбек Найманбаев енді ғана басталған әңгімені жалғай жөнелген.

— Мына «ребус-баламен» сөйлестіндер ме? — деді күліп. — Барлық жағдайды ашып айттыңдар ма? Меніңше, макет сыйзуды тез-ақ үрленіп кетуі тиіс...

— Калаға, жай-жапсарды өзіңіз түсіндіріңіз. Кіргендері қазір...

— А-а... Ендеше былай, айналайын. Секретариаттағы жігіттердің ұсынысы бойынша уақытша қызыметке алсақ дейміз. Үш айлық сынақ мерзімінде газеттің талабынан шығып, жақсы қырларынды таныта білсен, әдеби қызыметкер бол толық айлыққа орналасың. Рас. ҚазПИ-де сендерге газет-журнал жұмысы жөнінде сабак өтпейді. Макет сыйзуды мүлдем үретпейді. Уақасы жок. Сөзжұмбак, ребус жасайтын саған пәлендей қынға түспес. Тек ынта-ықылас керек, құнт керек. Мына Серік ағаң бастап, секретариаттағы Әскер, Эрнест, Сиез макет сыйзуды, баспахана жұмыстарының ұнғыл-шұнғылын тегіс көрсетеді, үйретеді. Қорықпа. Қазіргі беталысың жаман емес секілді, әйтеуір. Мен бүгін приказынды беремін.

Редактор, Шерағанды айтам, шет елде жүр. Египетке кеткен екі аптаға. Бар шаруаны о кісі біледі. Ертеңнен бастап жұмысына кірісе бергей. Әзірге құнімен-тұнімен жүрмей-ақ қой. Жігіттермен кезектесіп нөмірінді жүргізерсін. Қалған екі қунінді тиімді пайдаланып, сабағына қатыс, мемлекеттік емтихандарына дайындал. Сәттілік тілейміз, ребус-бала. Айтпақшы, бізде Қуанышбай Құрманғалиев деген ағаң істейді. Редакцияда оны «Полк баласы» деп құрметтейді. Қаршадайынан «Ленжастың» қабырғасында еңбек етіп келеді. Журғагын да аяқтап дипломын алды, таяуда әскери борышын бітіріп, ыстық ұсына қайта оралды. Сол ағаңдай сен де, балақан, біздің сүйкімдіміз болғай...

Алматыға оку ізден келгенде ең алғаш осы «Лениншіл жас» пен «Қазақстан пионері» газеттерінің табалдырығын имене, үркектей аттағанмын. Қуаныштысы ешкім бетімнен қақпады. Сейдахмет аға «юнкорым» десе, Қалағаң бірінші құннен «ребус-бала» атап кетті. Мінеки, қазір де ол туған інісіндей ілтипат көрсетіп жатыр. Сонымен ойда жоқ жерде талай қауырсын қаламның арман-қиялды болған киелі ұстахананың төріне озып, секретариаттың көрігінеге түсіп кеттім... Несін жасырайын, мен үшін алғашқыда бәрі де бұлыштыр, құнгірт көрінген. Журфактың студенттері жылма-жыл өндірістік тәжірибелерін тікелей аудандық, облыстық газеттерде өткізіп, газет шығарудың кухнясымен қанықса керек. Баспаханаларда құн-тұн жүріп, өздері жазған-әзірлеген материалдарының қалай теріліп, қайда беттеліп-қатталатынын, қорғасын іісі кернеген цехтарда қалай бүркырап шығып жататынын тамашалайды. Мұндайдың бірде-бірін өз көзіммен көрмеген маған әр сәт сайын қалтарыс-құпиясы мол жұмбак көріністердің алдынан шыға бергені рас. Екі жақ бетінде «петит», «корпус», «нонпарель» деген жазулар таңбаланған үлкенді-кішілі, ұзынды-қысқалы темір сыйғыштар мен сыртқы беті жыптырлаған цифрлардан көз сүрінер плэнка-линейканы қолыма ұстаканда әжептеуір аңырып қалғаным элі есімде.

— Мыналарды мүлдем түсінбеймін ғой, — дедім тұрлі-тұрлі сыйғыштарға қарағыштап.

Эрнест пен Әскер қинаған түрімді аңғара койған сияқты. Екеуі елпілдеп мән-жайды асықпай ұғындыра бастады:

— Ендігі жерде макетті тек осы құралдармен ғана сыйзасың. Қорқатыны жоқ, үйренип кетесің элі-ак.

— Материалдардың жолы мен көлемін есептейтін, қандай шрифтармен тергізуге болатынын анықтайтын «строкамер» осы. Ал жыптыраған цифрларға толы мына пленка сыйғышпен нөмірге беретін фотоларды, штрих-тақырыптар мен заставкаларды қалаған размеріне дәлдеп түсіре аласың. Мәселенки, былай өлшеп, былай белгілейсің... Бірте-бірте үреніп, менгеріп кетесің... Бүгін-ертең бізben бірге қатар отырып загон макеттерді сыйғанымызды көрші. Түстен кейін баспахранаға барамыз. Верстканың қалай жасалатынын білесің... Кешке жұмыстан қайтарда алдағы бір күннің жоспарын, макет-линейкаларың мен түрлі-түсті бояу қарындаштарыңды ала кет. Асықпай үйде отырып, макетінді сыйып алып келерсің. Екі-үш күннен соң нөмірді өз бетіңше жүргізіп байқарсың. Келістік пе?..

— Келістік!

Намыс оты жаңыған менің жалғыз ауыз сөзім сенімді де нық естілген. Секретариатқа келгеннен бастап айрықша жылышырай танытқан Әскер Исақовпен тез-ақ тіл табысып, қас-қабақтан ұғысканбыз. Ашық-жарқын мінезіне қарағанда пандыры басымырақ көрінетін Эрнест Төрехановтың құлағыма құйғаны: «Жанатжан, ешқашан ыңғайсызданба, төменшіктеме, ұжымның бір мүшесіндегі өзінді еркін ұста. Жалтақтама, жалпақтама. Шерхан аға болбырларды жақтырмайды. Макетінді сыйып жүріп, жазуыңды да ұмытпа, сөзжұмбағыңды да құрастыр. Кейін бөлімге аудықсаныңа онай. Менің саған айттар ақыл-кенесім осы, түсінсөн...»

Сөйтіп айналдырған екі-үш айдың ішінде макет сыйудың қыры мей сырын менгеріп алдым. Қызылды-жасылды бояу қарындаштармен қыздың жиган жүгіндегі, әдемілеп сыйған макеттерімді бастығымыз Шерхан Мұртазаев көнілінен шығып, жіңі мақтайды. «Макет те — өнер. Осы бетіңнен тайма!» Мерейім өскен мен түннің бір уағына шейін қарындашты (фламастер жоқ қой) тіліммен сулап газет сұлбасын өрнектеуден жалықпайтынмын. О заманда компьютер дегенді естімегенбіз. Журналистер өзірлеген хабар-ошарларын, мақалалары мен құлаштай-құлаштай очерктерін абажадай-абажадай зілбатпан қарапайым қол мәшиңкелеріне бастырады. Қебіне диктовка жасайды. Бір ғажабы, әлекедей жаландаған қыздар он бес-жиырма бет кез келген дүниені бір демде қағып тастайтын. Шетінен өте сауатты, мүмкіндігінше қатесіз басуға дағыланған.

Себебі, уақыт талабы солай. Мәшиңкеден шықкан таза бетте ең кемінде екі-үш кате, яғни осынша ғана түзету жасалуы тиіс. Бір бетте одан артық шимай-шатпак болса, баспахрананың терім цехи қолжазбаны редакцияға кері қайтарып жібереді. Бұл — бұлжымайтын қатаң тәртіп! Қазіргі жазармандар білмейтін газет жасаудың кейір қыындықтары ерсілеу көріну әбден мүмкін. Сөйтседағы орайлы тұста айта кетелік. Бет қатталу процесінде нөмірдің кезекшісі болсын, нөмірге жауапты редакторат мүшесі болсын материалдардың тақырыптарын жөнжөсіксыз өзгертіп, ойна келген өзгерістерді орынды-орынсыз тықпалай бермейді. Өйткені, тақырыптар күні бұрын клишеге түсіріліп, кейірі арнаулы тақырыптар теретін цехта қорғасынға құйылады. Ал қателер дер кезінде түзетілмесе, сөндіріліп қойған линотип машиналарын қайта іске қосу үшін ең кемінде жарты сағат қыздыру керек. Сондықтан да оймақтай хабардан бастап, көлдей мақалаға дейін мейлінше иін қандырып дайындауға ерекше мән беріледі. Нөмір жүріп жатқан күнгі «досыл» материалдар (ресмилерден басқасы), яғни ең соңғы жаңалықтар түскі сағат он екіге дейін жіберіледі. Бұл уақытқа үлгермей, қабылданбай қалған дүниелер келесі нөмірде жарық көреді. Ешқандай өрескелдігі жоқ. Осынау жазылмаған заң басшыға да, қосшыға да бірдей. Графикті бұлжытпай орындау — бас директорға, бас инженерге, бас редакторға ортақ. Ең басты міндет адам енбегін құрметтеп, ардақтау. Өндірістік тәртіпті дұрыс ұйымдастырып, енбекті ұтымды әрі ілкімді жүргізу қай кезде де шеберлікті, жауапкершілікті қажет етері даусыз. Міне, осы бір ұсақ-түйек көрінер газет шығарудың орасан маңызды міндеттерін бойыма сінірген жауапты хатшының орынбасары Серік Әбдірайымов, жауапты хатшы Сәбит Жиренов, редактордың орынбасары Қалдарбек Найманбаев, бас редактор Шерхан Мұртазаевтың өнегесі мен үлгісі өмірбаки темірқазық бағдарыма айналғаны мәлім...

Улкен ұжымға бауыр басып, өзімді еркінірек сезіне бастағанда редакция басшылығындағы аудыс-түйіс өзгерістер біріне-бірі ұласқаны бар.

Ең алдымен, Орталық Комитетке нұсқаушы бол лауазымы өсіп кеткен Сәбит ағаның орынтағына өзім құрметтейтін Болат Бодаубаев отырды. Бұған дейін газеттің комсомол-жастар тұрмысы бөлімін басқарған, өмірдің талай ашыттыщысын татып, сол дәуірдегі алау жүректі

романтикердің алтын бесігі болған Рудный қаласын салған, журналистік қаламын Қазақстан Магниткасының от-жалынында шындаған Бекен шығармашылық ұжымды жаңа идеяларға өріс ашуға құлшындырыды.

Сондай-ақ баспасөз төңірегіндегі ағайындар «газет штабы» атап кеткен секретариат жұмысын жандандыруға ерекше жігер жұмсады. Апталық жоспардың барынша нақты, мазмұнды жасалуын қадағалап, загон беттер мен әр нөмірдің негізінен оқылатын материалдардан құрастырылуын назарға алған. Макеттің жұтынып тұруын талап етті: «Жақсыдан үйрену керек. Дарапап, үкілеп, көрнекті етіп беруге тиіс материалдарды құнілгеріден іріктең, алдыңала суретшіге оқытқан жөн. Сондаға сәтті заставка, тартымды штрих дұниеге келеді ғой. Аттың жалында, түйенің комында, асығыс-үсігіс уақытта суретші үздік картина сыйзуы, әрине, мүмкін емес. Құн сайын келіп жатқан өзге республикалардың жастар газеттерін ұдайы қарап, ұнағанын пайдаланыңдар. Маған әсіресе, Балтық республикаларының, Молдавияның, сонымен бірге «Комсомолканың» безендірулері оқшауырақ көрінеді. Әр беттің өзіне тән версткасы болғаны дұрыс. Тамаша фотолар тапшы. Анау-мынау мақалаларға бергіз фотосуреттерді әдемілеп айшықты беруді орталық басылымдардан үйренуіміз қажет. Материалдардың квадраттарын құбылтып бергендеға макет жақсы шығады. Ал бізде көбіне мақалалар бірөңкей форматта теріледі. Бұл әдеттен құтылғанымыз абзал. Тұтас нөмірі тек 2,5 квадратпен терілетін материалдармен сықита тығындалатын «СК» сияқты болмауымыз керек. Газеттің ажарын «воздух» ашады. Кәнеки, осы пікірлерді ескерейік...» Жауапты хатшы қызметіне кіріскенде секретариаттың жігіттерін жинап арнайы жиналыс өткізген жаңа бастығымыз Бекен басты мақсат-міндеттерімізді қадап-қадап айтып, шегелеп түсіндірген. Фототілшіге де, суретшіге де жүктелер шаруаның шашетектен екенин жүқталап жеткізген. «Ең бастысы, жігіттер, әрқайсымыз өзімізге сенім артылған жұмысты ықтияты орындауға бар ынта-ықыласымызбен кірісейік. Берің де шығармашылық адамысыңдар, не істесеніздер де шабытпен, құлшыныспен орындауға ұмтылышыңдар».

Зекімей, зілсіз жеткізген Болат ағаның ой-пікірлері орынды көрінген. Көкірек көзім ашылғандай. Журналистика жұмбағының

жықпил-жықпилы мен қалтарыс-құпиясы газет жасаудан, газет шығарудан бастау алатынын анық бажайлайды. Жаңымдағы секретариаттың жігіттері де жұмыстарын ширата түсіп, селкеу тұстардың кем-кетігін ретке келтіруге тырысқандай. Мұрындарынан шаншылған өзге бөлімдердің журналистері де серпіле қимылдауда. Редакциядағы ауыс-түйіс толқыны іркілмей, іле-шала біріне-бірі жалғасқан. Сен сөгіліп қоя бергендей. Редактордың орынбасары Қалдарбек Найманбаев іргеміздегі «Білім және еңбек» журналына Бас редакторлық лауазымына өсіп кетті. Қалағаның орнына бір саты көтеріліп Болат аға жайғасты да, жауапты хатшылық қызметіне Мәткерім Әкімжанов кірісті. Редакция іші толассыз гу-гу:

— Ответсекретарьды өзіміздің іштен-ақ қоя салуға болар еді. Сырттан әкелгені несі?..

— Ой, білмейсін бе? Әкімжанов кезінде біздің «Ленжаста» істеп кетіпти... Секретариаттың жұмысын Бекенден де артық біледі дейді... Жақсы журналист, жақсы аудармашы...

— Бәрінен бұрын Бодаубаевтың замредактор болғаны дұрыс. Оның есімі бүкіл республикаға мәлім. Өзі жазғыш жігіт. Қақ-соқпен шаруасы жоқ, принципшіл де талапшыл. Жауапты хатшы болғанда көрдіндер ғой...

Осындағы оқиғаларға жалғаса тағы бір сыйбыс шықты. Қым-құыт қарбалас арасында секретариатқа кіріп-шыққандар «Шераған» басқа жұмысқа кетеді екен, орнына бастық бол Бердіқұлов келеді-міс» деген алыш-қашпа сөздер көбейген. Шынын айту керек, газетке тұяғымды ендіға іліндірген маған бәрі туманды еді. Жете мән берген жоқ. Өзіме қатысты шаруаны тап-түйнақтай орындал, өзіме берілген тапсырмаларды қалт жібермеуге тырыстым. Кешелі-бері шөптің басы бекер қимылдамаған сықылды, қауесет расқа айналған. Шерхан Мұртазаев «Жалын» альманағына Бас редактор қызметіне ауысып, дүрілдеп тұрған «Лениншіл жастың» тізгінін Сейдахмет Бердіқұлов ұстады.

— Болатта, Мәткерім дежаңа бастықтың шәкірті көрінеді. Екеуі де бір кездері Сейдағаң ашқан штаттан тыс студент-жастар бөлімінде бірге істепті, — деген хабар да тарады редакциядағы сымсыз телефон арқылы.

...Сонымен, қаламымның арасында шығармашылық үлкен ұжымға бой үйретіп, журналистік өмірдің бүрк-сарқ қайнаған қазанына түсіп, адамдарды тануға түбегейлі бет бүрдым. Сол ығайлар мен сыйайлардың

арасындағы дарасы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бүгінгі маңдайы жарық екілі Болат Бодаубай хақындағы шынайы тебіреніске толы толғаныстың тым теренен тамыр тартқанын сезер деймін әркім-ақ.

## ЖАДЫДАҒЫ ЖАҢГЫРЫҚТАР

– Жаңа редактор қашанда жаңа серпіліс танытуы керек. Енді Сейдағаң білек сыйбанып кіріседі. Қара да тұр. Біраз өзгерістер жасайтын шығар, – деген сөздер айтылған.

Солай болып шықты. Көпшілік қай кезде де біліп айтады. Аз ғана мерзімнің ішінде редакторымыз газеттің ішкі құрылымын түбегейлі өзгертіп жіберген. Сырт көзге серілеу, бостан байқалар Сейдағаңның сергек сезімталдығын алғашқы басқосудан-ак аңгардым. Құнделікті Шерагаңның кабинетіне шығып бара жатқан нөмірдің макетін бекітүге кіргенімізде, түрегеліп тұрған төрт-бесеумізге тарлық танытатын бас-бөлме аузы-мұрнынан лықа толған. Орын жоқ. Баstryқтың айқара ашып тастаған есігінен сығалай құлақ түріп отырған біздерге жиналған жігіттердің сыйыр-күбірі апанаңқ естіледі.

– Бөлімдердің барлығы да осында сияқты.

– Кезекшілер мен машбюроның қыздары келмей жатыр.

– Қапырық екен, ауа жетпейді...

– Сәл шыдасаныш.

Осы мезетте жүрттың бас-аяғын асықпай күткен редактордың байсал даусы санқылдай, екпіндей шықты:

– Секретариаттың жігіттері көрінбейді ғой. Немене, олар жиналысты менсінбей ме?..

– Сәке, бәрі де орындарында отыр. Кеше тегіс ескертілген. Сүретші де бар, – деді өзгелерден бұрын тіл қатқан редактордың орынбасары Болат Бодаубаев.

Түрекеп тұрған жаңа бастық орнына отырмаған күйі:

– Кәне, түгел кірсін, – деді қатқыл үнмен.

– Жарты сағатқа тұншығып қалmas. Негізгі, маңызды жұмысты солар атқарады емес пе. Өз құлактарымен естісін... Не дегенімізді, не айтқанымызды...

Жо-о-қ, бабаларымыздан тектен-тек сөз қалмаса керек. «Екі кісі ығысса, үшіншісіне орын табылар». Секретариаттың үш жігіті мен суретші Хамит Рахымбаев та қысыла-

қымтырыла жайғасқан соң, Сейдағаң сөзін көсіле сабактаған.

– Сәл шыдандар. Сендер жаңсақ ойлап журмендер «мына Сейдахмет Бердіқұлов мәжілісқұмар данғой екен» деп. Ең қуанышты жаңаңық, таяуда жаңа жайға, кен жерге көшеміз. Құдай бұйыртса, бүйтіп қысылмайсындар. Көкбазардың түбінде салынып жатқан он қабатты Баспасөз үйі бітіпті. Мұндай заңғар да, әсем ғимарат әзірше Алматыда жоқ. «Ленсмена» мен бізге тұтас жетінші қабатты бөліпті. Кеше көріп шықтық. Тамаша, керемет! Әйтеүір, құрқылтайдың ұясында кабинеттерінен құтылып, бойларың бір жазылатын болды. Әрине, бойларыңмен бірге ойларың да асқақтасын. Алдағы бағыт-бағдарымыз жөнінде ашық кенесіп алмақшымыз. Айтпақшы, Болат, сен қасыңа Мәткерімді алып техникалық қызметкерлермен бөлек-бөлек жиналыс өткіз. Тездетіңкіреп, тура бүгіннен кірісіндер. Кешкілік баспаханаға барып, корректорлар бюросымен, тери цехымен және верстканың адамдарымен сөйлесіндер. Талап та, тәртіп те күшейеді. Соны арнайы түсіндіріп, жеткізген дұрыс. Ертеңгі күні бостан-бос құңқілдеп журмесін. Өз ішіміздегі машбюроның да жұмысын ширатқан жөн. Бір аптадан бері бөлім менгерушілерімен, жекелеген әдеби қызметкерлермен сөйлесіп, ой бөлістік, пікірлестік. Тың тақырыптар, соны идеялар көп-ақ. Менің миымда қозғалмай жатқаны қанша десейші?! Әзірге бөлімдерді аударып-төңкөріп сапырмаймыз. Жақсы ойларды тұсауламай, біртіндеп жүзеге асыру қажет. Меніңше, материалы оқылмайтын бөлім болмауы тиіс. Әркім өздері илеп отырған пұшпағын жақсы біліп, мықты менгергені абыз. Тек әдеби дүниелер ғана газеттің беделін көтереді деп ойласандар, қатты қателесесіндер. Осы жағын ескеріндер, ең бірінші. Сондықтан да спорт бөлімін, студент-жастар бөлімін, керек десеніз хат бөлімінің жұмыстарын мейлінше жандандыруды ойластыруымыз керек. Басқа бөлімдердің де толғақты мәселелері мен проблемалары жетіп жатыр. Ол үшін бөлекші ынта-жігермен жұмыс істемесе болмайды. Ал, секретариаттың қазіргі жұмысы көңіл көңшітпейді. Макеттерің ала-құла. Безендіру элементтері тапшы. «Ленжасқа» тән өз бет-ажары сонадайдан көзге ұрып тұрса, шіркін! «Российская литература», «Смена», «Труд» газеттерінің макеттері ұнайды, солардың

онды ізденістерін бізге де енгізуге болар еді. Тәкырыптық шрифтер жұтқан. Сондықтан кейбір дүниелерді штрихпен жаздырып беруді ойластырсақ. Композициялық жақсы фотолар өте аз. Осында менің тағы бір ойым айтады, мүмкін редакция жанынан штаттан тыс суретшілер мен фотографтардың бөлімін, яки тобын құрсақ қайтеді?! Олардың назар аударалық туындыларын қаламақы арқылы ынталандыру жолдарын қарастырайық. Шамасы, ендігі жерде газетке қабылдайтын жас журналистерді бірден бөлімдерге жібермей, секретариаттың көрігінен өткізіп алуды ойластыратын шығармыз. Газет жасаудың ыстық-суығын көріп шындалсын. Өмірбақи баспасөзде жүріп, шрифт пен кегельді ажырата алмайтын жазарман шірендердің мұсәпір халін білеміз. Сондайларға сабак болсын...

Сейдағанның әңгімесін әлденеше рет бұзған жігіттер де пікірталас тізгінін еркін жіберіп, ойларын ірікпей ортаға салған. Әлгіндең аядай бөлменің қызы да одан бетер көтерілгендей. Жайдары шығармашылық ахуал құлшындырған оларды редактор да тежемеді. Сәл саябыр тұста барып:

– Жарайды жігіттер, осымен дөгаралық. Көп тақырыптың төбесі қылтиып, біраз идеялардың сұлбасы елестегендей, – деді мереілі пейілмен.  
– Жаңағы айтқандарында әдемілеп бастарында пісіріп, жылдамдатып жуырдағы нөмірлерге ұсынындар. Ендігі жерде бүтінгідей ұзак жиналысқа әуестенудің қажеті жоқ. Әр аптаның сәрсенбісінде, түстен кейін «Сәтті ойлар сағатын» тұракты өткізіп, ақылдасуды дәстүрге айналдырайық. Кәнекі, уақыттарынды текке жібермей, сонда кездесейік.

Ұдайы образben, бейнелеп сөйлейтін, аса кірпияз да дегдар Сейдахмет Бердіқұлов төрт беттің бір бұрышына жөн-жосықсыз он жол хабардың шығып кетпеуін қатаң қадағалады. «Елең еткізбейтін, назар аудармайтын материалға тоқсауыл қою керек. Ең құрығанда, дәні бар хабар-ошардың тақырыбы жұтынып, тартымды әрі оқшауланып тұрғаны жөн. Сонда ғана өкірман газетінді өзі іздел оқытын болады». Осынау темірқазық қағиданы жүзеге асыруда редактордың орынбасары Болат Бодаубаевтың қыруар қажыр-қайрат жұмсағанын есіме түсіргім келеді.

Мұның алдында жалғыз бөлімнің қамарапетін күйттесе, одан кейін кез келген

басылымның ыңыршағы айналған, осал буыны саналатын «бас штабтың» жұмысын үйлестіруде ілкімділік танытқан ол редактордың нағыз он қолы болды. Редакциядағы онға тарта бөлімнің бастарын қосып, шығармашылық ұжымның шашаусыз жұмыла тер төгуіне қолайлы жағдай туғызуға ұмтылған. Жазу-сызу өнерін серік еткен жігіттердің қабілет-карымын дер кезінде байқай білген білікті де, қамқор басшы басылым табалдырығын имене аттаған балауса қалам иелерінің бойларындағы намыс шоғын үрлеп, үлкендік іс-тәжірибесімен бөлісуге арланбады. Жас журналистердің тақырыпты терең игеруіне ақыл-кенес беруден жалықпаған Бекен, оларға қаршадайдан жеке-жеке тақырыптарды қаузап, індепіп, зерттеп-талдаған жазуға бейімделу сырларын үртеткен. Суреттеме-очерк жазып ысылғандарға көркем туындыларға батыл қалам тербеулеріне жол сілтеген. «Бір күндік газеттік материалдармен шектеліп қалмай, кесек дүниелер, соны да тосын тақырыптарды іздегендерін жасы. Адам жанының нәзік қылын шертер штрихтарды көре білу керек. Өмірдің өзі – тұнған тақырып. Тек журналистке тән байқампаздық, сергектік, қағілезділік қасиеттер қажет-ақ. Әрине, ол үшін үздіксіз үрленіп, білім-білігінді жетілдірмесе болмайды. Қасиетті сөз өнерінің киесін жан-жақты менгергенде ғана өз қолтанбаң айқын дарапанады». Сол кездің өзінде «Ленжастың» мығым дінгегі есептегендін аты-жөні құрметпен ауызға алынатын Бекеннің берік ұстанымы – ақырын жүріп, анық басу. Қазаки қалпынан әсте айнымаған ағамыздың бүкіл болмыс-бітімін өркештетіп тұратын егіз қасиетінің және бірі бабаларымыздан мирас бол жеткен ізеттілік. «Бетегеден биік, жусаннан аласа». Сондықтан шығар, заманы бір қаламдас қатарластары Рашит Рахымбеков, Оралхан Бекеев, Куанышбай Құрманғалиев, Төлен Қаупынбаев, Кәдірбек Сегізбаев, Кемелхан Ақмырзаевтар алдын кеспей, атын атамай «Беке» десіп әспеттесе, ал өкшесінен ерген қаламгер ізбасарлары Сейітқазы Досымов, Құрманғазы Мұстафин, Эрнест Төреканов, Жақау Дауренбеков, Тенізбай Рахымжанов, Ырым Кененбаев, Мағира Қожахметова, Жарылқап Бейсенбаев, Әшірбек Көпішев, Несіп Жұнісбаевтар әрдайым ұстаз санайтыны мәлім.

...Көп ұзамай жана мекенге көштік. Алматының әр бұрышында шашырап жүрген отызға тарта газет-журнал редакциялары сәүлет

өнерінің соңғы үлгісімен бой көтерген зәулім ғимаратқа орналасты. Жаяу-жалпылап, түрлі транспортқа аяқ артып жететін баспахана да іргемізде. Еңсеміз көтерілген ленжастықтар Баспасөз үйінің жетінші қабатына жайғасқан. Күкітай-күкітай бөлмелерде күйбен тіршілік кешкен алау жүректердің де екінші тынысы ашылған. Құс биғінен қарағанда бүкіл айналатонірегін құдды алақандағыдан шалынар жана жай шын мәнінде шабытынды шарықтататындей.

Әсіресе, секретариаттың жігіттері отыратын заңғарадай бөлменің қос қабырғасы тұтасымен шыны, маңайындағы көрініс ғажап-ақ. Алғашқы күні өздері «Жетінші аспан» атап кеткен алау жүректі журналистер бүркүратып жазды, көсіліп жазды, жарысып жазды. Нағыз шығармашылық аламан бәсеке – жазу-жарыс. Сол сайыпқырандар сапында Болат аға бастаған алдыңғы толқын өкілдері жүргені баршаға аян.

## БҰЛТСЫЗ КҮНГІ НАЙЗАҒАЙ НЕМЕСЕ СӘБИТ МҰҚАНОВ АРАША ТҮСКЕН

Қоныс тойы қайнап жатқан шақ. Куаныштың ыстық-сұығы басылмаған әлі. Таңертенгілік қарбалас. Секретариаттың төрт көзі түгел. Әрқайсысы өз шаруаларының сонында. Біріміз макеттерімізді сзып, екіншіміз келесі күннің фотосуреттерін іріктеп, тағы біріміз загон беттердің жоспарын нақтылада дегендей, мұрнымыздан шаншылып жатқанбыз.

– Мінеки, Әбеке, – бұл – біздің секретариат. Ең жарық, ең әйдік, ең көнілді бөлмені әдейі бердік, – деген редакторымыз жарқ-жүрк екпіндей сөйлеген қалпы төрге оза берді.

– Ой, пә-лі, керемет екен шындығында. Сейдахмет-ау, мына кабинетің тек өлең жазып отыратын жер ғой. – Жан-жагына маңғаз жанар жүгірткен қазақ поэзиясының абызы Әбділда аға Тәжібаев арқалана тіл қатқан.– Жігіттер, амансындар ма? Жаңа жайларың құтты болсын! Газеттерің де, өздерің де білктей беріндер! Айтпақшы, Болат, Мәткерім, осы таяуда мәскеулік «Правда» газеті «Орталық Азиядағы тұңғыш Баспасөз үйі заманауи ғимаратқа орналасты» деп жазды емес пе?! Заңғар десе заңғар екен...

Орнымыздан ұшып-ұшып түрегелген біз тебіреніске толы ақынның қолын кезек-кезек қыстық.

Мұзарт шындарын құн нұрына сүйдірген асқақ Алатауды бірінші рет көріп түрғандай таңырқай ұзак, сүйсіне көз тіккен ақын-жүрек іштей жаңа жыр жолдарын өріп жатқаны байқалады.

Біз үндемедік.

Ілкі мезеттен соң қадірлі қонағымыз бастаған топ дабырлап шығып кетті.

Сол-сол-ақ екен, мұлдем күтпеген тағы бір мейманымыз екі өзуі – екі құлағында, мәзмейрам күйі құшағын аша берген:

– Ассалау мағалейкүм, достар!

– Ой, Тайтөлеу аға, амансыз ба? – дедім жалт қараған бойда. – Жерден шықтыңыз ба, көктен түстіңіз бе? Иә, қайдан жүрсіз? Хабар-ошарыңызды айтып, алдын-ала телефон сокпайсыз ба? Құр бекерден әуреге түспей...

Жөпелдете түйдектеткен сауалдарыма құлақ аспаған Тәкен өз куанышын актарып жатыр. Жан қалтасынан көлдей беторамалын алып бет-аузын, мойнын сүрткіштеп ағыл-тегіл сөйлеген.

– Мен бұғін қазақтың талай марқасқаларын бетпе-бет көріп, қолдарын ұстап, әдемілеп таныстым. Ең бақытты күнім шығар. Әлгінде саған көтерілейін деп лифтіге мінсем, шашынығына түскен Оралхан Бөкесев тұр екен. Осы этажға бірге келдік. Жарқылдаған жігіт екен. Жазып жүрген әңгіме-повестердің, аузыма түскендердің тізе жөнелгенімде, қолымды қысып, қатты куанды. «Жүріңіз аға, мен сізге жаңадан жарық көрген кітабымды жазып берейін» деп кабинетіне алып барды. Мінеки «Қамшыгер» кітабы. Оралханың бөлмесінен шыға келгенімде бастығын, спорттың жілігін шағып, майын ішкен Сейдахмет Бердіқұлов пен ақының ақын Әбділда Тәжібаев ұшыраса кетті. Несіне қорқам, несіне қысылам. «Сейдаға, сіздің қол астыңызда менің бауырларым Жанат пен Несіп қызмет істейді. Ертесін «Лениншіл жаспен» көзімізді ашып, кешкісін «Лениншіл жаспен» үйіктаімыз» дедім мұдірмей. Ағайлар, менің мамандығым есеп-қисап маңы. Түкпірдегі балық колхозында бухгалтермін дедім де, Әбділда ақынның әйгілі «Сырдария» өлеңінен бір шумакты нақысына келтіріп оқып бердім.

Сүйсе Гейне Рейнесін,

Жазаса Тарас Днепрді.

Жазаса Пушкин Еділді,

Неге маған жырламасқа

Сырда туған елімді, – дегенімде шоң шайыр арқамнан қағып, құшағына қысты. Айтпақшы, касындағы екеуді танымадым. Олар да менің іс-

әрекетіме риза-хөш пейілде, қауқылдастып жатты. «Жарайсыз Аға, оқырман болса, сіздей болсын!» Сөйтсе де қатты толқып, бора-бора терлеп кеткенімді көрмейсіндер ме? Әлгі екі жігіт те сендердің журналистерін болар...

— Иә. Редактордың орынбасары Болат Бодаубаев пен жауапты хатшы Мәткерім Әкімжанов... Біздің кабинетті көріп, Әбекене айнала-төніректі тамашалатқан... Қазір ғана шыққан өздері...

— Болат дейсін бе? Бодаубаев па? Оны да білемін фой. Қап, эттеген-ай! Студент кезінде «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы» деген сын мақала жазып, бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірген...

— Сонда не туралы жазып жүр?

— Шамамен қай жылдары шықты, осы «Ленжаста» ма?..

— Егер, жаңылмасам алпысыншы жылдардың басы болуы керек. Өңкей атақ-данқы жер жарған үлкен жазушыларды сынаған сыйылды. Әйтеуір ішінде Ғабиден Мұстафин бар...

— Ертеректе, біздің бала кезімізде жарияланған мақала шығар, — дедік біз иығымызды қиқаң еткізіп. — Хабарымыз жоқ.

Өйтіп-бұйтіп макеттерімізді сыйзып, шаруамызды дөңгелентіп тастап, ауылдан келген ағамен емін-еркін шер тарқатуға кірікем. Ауылдың жаңалығын естігенше асыққам. Жерлесімнің аты-жөні — Тайтөлеу Сүйсімбаев. Өте сауатты, көзі ашық. Колхоздың бас бухгалтері. Екі дипломы бар. Ауыл шаруашылық техникумын іштей, ал СХИ-ді сырттай бітірген. Өзі кітапқұмар, оқымаған кітабы жоқ. Аядай ауылдағы бүкіл газет-журналды бір өзі жаздырып алады. Бәрінен хабардар. Нағыз жазушы болатын кісі. Сөздің кадір-қасиетін де тамыршыдай айыратын ділмар. Тоқсан сайын Алматыға іссапарға келіп, Балық шаруашылығы министрлігіне он-он бес күн жата-жастаңып есеп тапсырады. Бос мезгілінде кітап дүкендерін сүзіп, екі қоржын бас қажетті дүниелерін сыйкытып алыш кетеді. Қызу әнгіме үстінде байқамаптын, шұғыл кіріп келген Болат аға:

— Жігіттер нөмірдің макетін бастыққа өздерін көрсете беріңдер. Мен жиналысқа кеттім, түстен кейін бір-ақ келемін, — деді сағатына қарағыштап.

— Уақыт тығыздау.

— Беке, мына кісі сізді білетін тәрізді.

— Бағана көрдік емес пе? Әбділда аға өзінізге сондай риза болды...

— Кешірерсіз, Болат інім. Өзіңнің есімің сырттай жақсы қанықпын. Жаңа анғармадым. Осыдан он шакты жыл бұрын «Ленжаста» шыққан «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...» атты мақалаңды айтып жатыр ем. Ол уақытта бұлалар кішкентай, қайдан білсін.

— Ия, ия... Елу тоғызыншы жылдың жазында жарияланды. Ой, аға, қайдағыны еске түсіріп. Бұлтызы күнгі наизагай еді. Жарайды, жиналысқа асығып барамын... Әупірімдеп Сәбенцің арқасында аман калдық...

Ынғайсызданды ма, жоқ әлде орынсыз кеуде соқкысы келмеді ме, Бекен өткенді жаңғыртуға құмбыл еместігін жалғыз ауыз сөзбен анық анғартқан. Тәкен де үндемеді. Бірак! Бүгежектейтіні жоқ. Көкейімді шырмауықша шырман алған ой жатсам-тұрсам бойымды билеп алғаны рас. Тақырыбының өзі айғайлап тұрган, дүниені шулатқан сын материалды қайтсемде тауып, оқығым келді. Болат ағадан сұрауға батылым жетпеген. Алдағы демалыс күндерін асыға күттім. Пушкин атындағы республикалық кітапханаға барып, «Лениншіл жас» газетінің керекті тігіндісіне заказ бердім. О заманда қазіргідей автоматика-компьютерді білмейтінбіз. Түймедей ноқатты басып қалсаң, барлық дерек-дәйегің алдыңнан шыға келетін. Тәртіп бойынша, бұдан он-он екі жыл бұрынғы газетті іздеп-табу үшін кемінде бес күн қажет. «Келесі сенбіге дайындал тауып қоямыз». Қөнбеске лажың қәне. Мұндайда шыдамсыздығың қабына қозары және даусыз. Тағат сәтке де жеттік-ау. Сап-сары боп үлбіреген газет тігіндісін сапырып отырмын. Жол-жөнекей үшыраған әр түрлі материалдар әлсін-әлсін бөгей береді. Мойын бұрғызып қоймай, қайсыбір еріксіз магниттей тартып, аяғына шейін жанар сүзгізеді-ай. Назар аудартар, ой салар мақалалар мол. Танымал ақындардың он жылдан астам уақыт бұрын әдемілеп безендіріліп жарық көрген тұсаукесер топтамалары көзге оттай басылған. Амалсыз тағы тесілесін.

Артынша, іле-шала ынтыға ізденеген сын мақала жарқ етеп түскен. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...» Авторы — өзіміздің Бекен, Болат Бодаубаев. Көрнекті әріптермен терілген тақырыпта, ұлы Абайдың өсietet іспетті әйгілі орамы да «мені оқы» деп шақырып-ақ тұр. КазГУ-дің студенті Bolattың мақаласы «Лениншіл жас» газетінде 1959 жылдың 9 шілдесі күні шығыпты. Осы «қате мақалаға» орай, кешікпей араға алты

күн салып, 15 шілдеде осы басылымның бетінде академик-жазушы Сәбит Мұқановтың «Бұл қай жатырқау?..» деген көлемді тойтарыс мақаласы жарияланыпты. Сонымен...

Екі мақаланы екшеп, талдамастан бұрын азғана әлкисса. Ауылда жерлесім Тайтөлеу бухгалтер аузын ашып, көзін жұмып, танырқай тілге тиек еткен бұл мақалалар елді елеңдетіп жатқанда біз әлі бала екенбіз. Оң-солымызды жыға ажыратта алмайтын бесінші-алтыншы сыныптың қарасирактары нені біліп, нені ұққандай? Тіл тағдырын қозғаған жанайқайдан мүлдем хабарым жоқ. Сөйтсе де бүгінгі кейіпкерімнің тұлғасын жан-жақты ашып көрсетуде таптырмайтын-ақ деталь. Енді соған оралайық.

Студент-тілші, яғни болашақ журналистің көп көңілінен шыққан мақаласының мазмұнын тұтас тәптіштеп баяндаудың қажеті шамалы. Өзекті ойтолғактың ұзын-ыргасын екі-үш ауыз сөзben түйіп жеткізген жөншығар. Бұл мақаласында жас автор негізінен қазақ тілінің болашақ тағдырына аланадайды. Тіл мәдениеті, тіл пайдаланудағы орашолақтық, тіл шұбарлануы төнірегінде келелі мәселелерді қозғайды. «Соңғы жылдары әдебиетімізде орысша сөздерді орынсыз қолданушылық байқалып жүр. Бұл кемшілік кейінгі жастарды айтпағанның өзінде, әдебиет майданында көптен бері қалам тартып, төсөлген сақа жазушылардың шығармаларында да орын алуда» дей келіп Б.Бодаубаев есімдері қалың жұртқа танылған, қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі, көзі тірі классик Габиден Мұстафиннің «Қарағанды» романы мен атақты сыншы-ғалым, жазушы Темірғали Нұртазиннің «Мұрат» повесінде кездесетін келенсіздіктерге тоқталады. Сөз қадірін бес саусақындағында да орын сөздерін құлағынан тізіп, көгенден көрсетеді. Ана тіліміздегі баламаларын да рет-ретімен қадап-қадап, нақты мысалдармен батыл білдірген. «Тисе –терекке, тимесе–бұтаққа» дейтіндей бұра тартудан, жала жабудан ада. Барлық келтірілген, алынған деректердің, сөз-сөйлемдердің беттеріне дейін айқын көрсетілген. Оларды ішектей созып қайталау артық. Сарғайған газет тігіндісіндегі Болаттың осы мақаласының ашық-ашық саңылауларына оқыған көпшілік «Жарайсың!», «Өте дұрыс

жазыпты», «Бұдан артық ерлік болмайды» тәрізді сүйсіністі қолтаңбаларын қалдырыпты.

Кезекті уәж – «советтік сөзге қаламы әсте мұқалып көрмеген», әйгілі «сөз маршалы» Сәбит Мұқановтың «Бұл қай жатырқау?..» аталағын жауап мақаласы хақында. Әрине, лепес ләмін емеуріннен-ақ ұға қоятын қазекем атақты жазушы мақаласының өте жедел ұйымдастырылғанын анғарағы. Бұған қазақтың өзіндей алып жүректі, аса қамқор жанның, яғни Сабит ағаның еш кінәсі жоқ. Қайта, керісінше ойы да, көнілі де, мақсат-мұддесі де мөлдір жас қаламгердің болашағына араша түсу ниетімен айтылған ақыл-кеңес сарыны сезіледі. Әйтпесе, студент Bolatтың университеттен куылыш, редакциялар маңына жоламайтындағы етіліп, қылыш-қылыш кудалауға ұшырауы кәдік қой. Бек мүмкін. Өйткені, құйтырқы заманының сайқал саясатына құрық бойламайтын. Мұның салқының Сәбек мақаласына берілген ақталу андатпадан байқау ойад.

«Лениншіл жас» газетінің редакциясы осы жылғы 9 июльдегі санында КазГУ-дің студенті Б.Бодаубаевтың «Бөтен сөзben былғанса сөз арасы» деген мақаласын жарияладап, елеулі қателік жіберді. Мұны Казақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы атап көрсетті. Бүгін редакция өзінің қателігін түзету мақсатымен жазушы-академик С.Мұқановтың мақаласын жарияладап отыр. 15 июль, 1959 жыл «Лениншіл жас» газеті.

Газет «кухнясынан» бейхабар оқырманға барлық шындықты жайып салар күн туған. Еліміз еркін, ойымыз бостан. Цензура шідерінің тас-талқан сөгілгені қаш-а-ан! Қаламы жүйрік талантты дарын Bolatтың басына бұлт үйірген безбүйрек биліктің қалай шүйілгені тұрасында, осынау оспадар оқиғаның ортасында болған қадірменді ұстазым, белгілі публицист жазушы Эбілфайыз Ыдырысов ағаның жыр тып шерткені еміс-еміс есімде. Мен Әбекенден оқып, дәріс алған емеспін. Ақсакалдық жасқа жеткенімше о кісінің әкемдегі ардақтан «мұғалімім» санайтыным, «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы кезінде «жас тілшім» деп бағыт-бағдар сілтегенін неге ұмытам. Бірде «Ленжастың» шаңырағына бас сұққанда Бөкен жөнінде сөз болып, біздерге Жақау Дауренбеков, Ырым Кененбаев, Әшірбек Көпішев секілді юнкорларына айтқан сырын жаңғыртудың реті келіп тұр. Ол уақытта дүрбелең оқиғаның жай-

жапсарына жете мән бермегенбіз. Оның үстінен пәленбай жыл өткен соң Бекең жайлары эссе-очерк жазамын деп кім ойлапты?!

Иә, Бодаубаевтың «Бөтен сөзбен бұлғанса сөз арасы...» бұлтсыз күнгі найзағайдай тосыннан жарқ етіп, үлкен ЦК-ның да, кіші ЦК-ның да журегін жара жаздағаны рас. Аяқтарынан тік тұрған сықырлаған шірен шенеуінктер үрейленіп, бармақтарын шайнады. Қараптан-қарап көлеңкесінен қорыққан Орталық Комитеттің хатшысы Н.Жанділдин Қазақстан комсомолы ОК-нің бірінші хатшысы Н.В.Дыхновқа звондап бұйырады: «Лениншіл жастағы» бүгінгі мақаланы көрдіңдер ме? Бұн не сұмдық?! Классиктердің жағасынан алатын Бодаубаев деген кім өзі? Материалға кол қойған кім? Кәне, деру анықтап, кінәлілерді қатаң жазалау керек. Тіпті, қызметтен күніндар. Ең алдымен, тездетіп беделді бір лауазымды адамға отпор мақала жаздырса дұрыс болар».

Шаш ал десе, бас алғызған осы тақілеттес зілді де, зәрлі жазғырулар Орталық комсомол комитетінің шұғыл өткізілген бюросында одан бетер өршиді.

Бұл жайды Әбекен қынжыла еске түсірген. «...Жанымыздың мұрнымызға тірелгені шын. Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Құстай ұшып бюроға жеттім. Редакторымыз Әбсаттар Бөлдекбаев іссапарға кетіп, «Лениншіл жас» газетінің редакторы міндептін уақытша атқарушы ретінде барлық жауапкершілікті өз басыммен көтеретінімді ашық мойыннадады. «Ідырысов жолдас қызметінде қаласың ба, қалмайсың ба? Кейінрек шешеміз. Өзінді ақтағың келсе, ері біздің сені жастар газетінде одан ары қалдыруымыз үшін қазактың белгілі жазушылары не Әуезовтің, не Мұқановтың, не Мұсіреповтың, тек, осы үшеуінің бірінің ғана «Жауап материалын» жариялауға міндептеймін. Олардың қайсысы болса да «титтей ұлтшылды» жеріне жеткізе әшкерелейтін болсын! Бұл «жауынгерлік» тапсырманы орында масаң, газеттен мұлдем қуыласың. Сонсын одан ары баспасөз маңына жоламайтын боласың!»

Бірінші хатшы Дыхновтың қаһарлы үкімі осы болды. Бюро үстінде уақыттың өте тығыз екені талқыланып бес күн мұрсат беріледі. Одан кейін де іс насырға шауып, Әуезов пен Мұсірепов редакция өтінішінен бас тартады.

Қос заңғар Мұхан шетелге жол жүріп бара жатқанын айтса, Габен қауырт бір жазудың

үстінде отырғанын кешірім сұрай ескертеді. Абырой болғанда, таудағы үйіне іздел барғанда, аңқылдаған Сәбен шақырылмаған қонақтарды жылышыраймен қарсы алып, қаһарлы дүлейдің ызығарын анық аңғарады. Кешелі-бері өзі оқып қайран қалғанын, жас талаптың жалпы көзқарасы дүрыстығын айта келіп, әнтек ағаттық жіберіп алған тұстарына тоқталады. Қылпылдаған ұстараның жузінде жүрген Әбекен жалма-жан «Сәбе, осы ойларынызды шапшаңдатып жазып беріңізші» деп қолқа салады. Үлкен жүректі, кең қолтық Сәбит аға да әнгіме аужайын түсініп, олардың меселін қайтармайды.

«— Онда, Әбілфайыз, былай болсын: «Лениншіл жас» үшін, Бодаубаев екеуінің болашақтарына қиянат болмауы үшін Сәбит ағаларың тағы бір терін артық төгеді де! Менің де шұғыл жұмысым аз емес! Бірақ, сендерді арашаламасқа бола ма? Алдын ала айтып қояйын: газетке, саған тиіспеймін. Бірақ, Болат шәкіртті, еке ретінде, біраз қамшы астына аламын. Әдетте, мықтап корғаудың бір жолы – кінәліні мықтап тұрып шиқырту, сынның астына алу! Сонда синалған адам енді жабылам дегендерің аяушылығына да ие болады. Онда Болат «жас ұлтшыл» деп тағылар атақтан да аман қалады! Сондықтан ол бала менің сынымды – экесінің еттеге ғана өтетін шыбырткысы деп білсін! Ал, «енесі төпкен құлынның еті ауырмайтыны» белгілі! Міне, осылай! Материалға: «Бұл қай жатырқау?» деген тақырып қойып, мәшиқкеге бастырып, ертең түске дейін редакцияларыңа жеткізіп берем! Уәде осы!»

Сейтіп Сәбенің «Бұл қай жатырқау?» іле-шала жарық көріп, төніп келген қара бұлт сейіледі. Әмір-өзен де өз ағысын тауып, мамыражай шуақты күндер бірін-бірі қайта ұласкан. Мұқанов мақаласының арқасында талай тағдыр «таяқтан» құтылады. Алайда, кекшілдік деген кесірді қойсайшы. Жас өркеннің ізіне шырақ альп түскен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі идеологиялық мәселелер жөніндегі хатшысы Н.Жанділдин КПСС Орталық Комитетінің органды «Коммунист» журналының беттерінде (1959 жыл, қыркүйек, №13) «Интернационалдық тәрбиенің кейір мәселелері» деген етектей үлкен мақала жариялап, Б.Бодаубаевты қайтадан сойып салды. 1959 жылғы 28 қазандағы санында ол мақаланы «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері толығынан көшіріп басты.

Әділет пен ақиқат қай кезде де салтанат құрса керек. Накақ жала мен даңғаза байбаламның үні көп ұзамай өшеді.

Кеңестік кезеңінде келенсіздігі жөнінде кейінірек өз тізгінімізді өзіміз қолға ұстағанда Әбілфайыз аға «Түркістан» газеті (31 наурыз 2000 ж.) мен «Алтын тамыр» журналында (№2, 2010 ж.) ежегей-тегежейлі жазды да.

Болалтың алғашқы қадамына қатысты ой-тұжырым менің есіме қадым заманнан жеткен «Қаламмен жазғанды канжармен өшіре алмайсың» деген пәлсапа-тәмсілді еріксіз түсірген-ді...

## БИІККЕ ӨРЛЕГЕН БАСПАЛДАҚТАР

Мына қызыққа қараңыз, сүйікті менің оқырманым. Шүкір, Алланың алқауы шығар, тайғақ тағдырдың аңы-тұщысын қатар тартқан шәкірт пен ұстаздың ғұмырлары өрнекті болды. Бұл күнде телағыстай әдебиет майданында бірге қалам тербеген екеуі де қабырғалы жазушылар санатында.

Сексеннің сенгірінен асып, тоқсанның төріне өрлеген Әбілфайыз аға жарты ғасыр бойы киелі сөз өнерін серік еткен журналистер кадрларын тәрбиелеп-ұшырып, ұстаздық кәсібінен айнымаса, көзін тырнаған ашқаннан сөз сиккырына тесіле үнілуден талмаған Бекен тек қуатты қаламына сүйеніп күн кешуде. Пешенесіне жазған мамандығының ыстық-сұығын көріп, жазушылық жұмбағының қалтарыс-қатпарларын қаламымен тынбай аршып келеді.

Жоғарыда мегзегенімдей, Болат Камиұлы журналистік еңбек жолын өзі «таяқ жеген», қолына қалам ұстаған әр жазарманның арман-қиялы болған «Лениншіл жастың» Қарағанды облысындағы Өз тілшісі қызметінен бастап, қалың оқырманның ең беделді басылымының редакторының орынбасарына дейін өсті. Қазаки жалпақ тілмен бейнелеп жеткізек – «Ленжастың» отымен кіріп, күлімен шықты». Қандай бақыт, қандай мәртебе! Кез келгенниң мандаійна бұйыра бермесі және аян. Осы тұста Бекеннің қаламынан туған талай-талай ғұмырлы да, шоқтықты дүниелерді мұрнынан тізіп шығуды ретсіз санап отырымын. Қағілез де, талғампаз журналистің өзгелерге ұксамайтын тереңдігінен болар, ол кесек-кесек келелі тақырыптардың жалынан ұстaugа ұмтылды. Проблемалық сараптамалық материалдардың өзін барынша

әсерлі, қызғылықты, назар аудартар деректермен өріп, тамаша штрих-детальдармен көркем кестелеуге дең кояды.

Бұл ретте оның он сегізінде от кешкен, қылышылдаған жиырма бесінде дүйім жүртты аузына қаратқан жалын жүректі түлектер – Элия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Саттар Ерубаев, Баубек Бұлқышев тәрізді жасынтағдырлар туралы деректі әңгіме-очерктердің газетте жариялануына үйтқы болғанының бәсі мен бағасы биік-ақ. Өзі не жазса да, нендей тақырыпқа бас қойса да Б.Бодаубаев түртінектеп, індепіп, қаузап, мәселені түп-тамырынан тарта ұстаған желісін ширата өрбітуге машиқ. Қалам иесіне қажет, ақ қағазға үңілгенде естен шығармас бірден-бір дағдының өзі – осы алған тақырыбында терең игеру. Сондағана мойны озық шығарма дүниеге келсе керек. «Лениншіл жастың» қабырғасында жүргендег бойына сіңірген әдемі әдеті – діттеген тақырыбын терең зерттеу, қажет болғанда архив құжаттарымен жұмыс істеу. Ташкент, Мәскеу, Алматы мұрағаттарын актара жүріп Болат журналистің, Болат зерттеушінің республика жастар үйімінде тікелей қатысты, әрі «Лениншіл жас» газетінің тарихына байланысты біршама құнды да, тың деректерді тапқанын айтқан орынды. Өйткені, бұл жайында қазіргі әріптестері хабарсыз ғой. Сондай-ақ, қолтаңбалары дараланған Сейілхан Аскarov, Қалаубек Тұрсынқұлов, Рашит Рахымбеков секілді қаламгерлердің тұрақты өздері дең койған, бұлдыр тақырыпты жандандыруға алабөтен құлышындырды. Бұл да – өнер.

Жаңа достармен таныстырып, жүйріктермен жарыстырған өмір жолы ешқашан даңғыл болған емес. Дұлы-шұлы Шоқпардан шыққан жалғыз аяқ жолдың жетегімен талай жерді шарлаған, талай елдің дәмін татып, талай өлкенің адамдарымен табысқан Болатқа тағы бір қатты ойланатын, шешім қабылдайтын кезең келді. Не істеген жөн? Өзі көп жылдардан бері білетін, журналистік таланттың да, азamatтығын да, қайраткерлік қабілетін де қатты бағалайтын, бұрын Орталық партия комитетінде бөлім менгерушісінің орынбасары болып істеп, осыдан бірнеше ай бұрын «Социалистік Қазақстан» газетіне бас редактор болып келген Сапар Байжанов оған күтпеген ұсыныс жасаған.

– Сені өзіме орынбасар етіп шақырсам деп жүруші едім. Келешекте ондай мүмкіндік тууы мүмкін. Ал оған дейін әдебиет пен өнер бөлімін

басқара тұрсаң. Сенен несін жасырайын, оны өзің де білесің деп ойлаймын, «Социалистік Қазақстан» әртүрлі себептермен осы уақытқа дейін өзінің білік мәртебесіне, қоғамдағы орнына орай өз мүмкіндігін әлі толық ашып көрсете алмай келе жатқан газет қой. Кейде оның тұтас сандарында көз тоқтататын, тұшынып окитын нәрселер болмай қалады. Трафарет басым. Дағдылы шенберден шығып кете алмай келеді. Әдебиет, өнер, мәдениет мәселелерін де тақ-тұқ, сирек, сараң жазады. Осы қалыпты өзгертсек. Жаңа серпін, жаңа леп әкелсек газетке. Егер мен ұсынған қызметке келер болсаң екі әдеби қызметкерінді өзің шешесің. Бөлімнің дайындаған дүниелерінің санына, көлеміне шек қойылмайды. Тақырып аясын кеңейту, тартымды, тұрақты жаңа айдарлар ашу, оларды қалағандай етіп, жүйелі түрде жүргізіп отыру – толық еркінде. Осыны тезірек ойланып, бірер күнде жауабын берсөн.

Бауыр басқан «Лениншіл жаста» Бекен редакциядағы ең төменгі қызметтен бастап, бас редактордың орынбасарын қоса алғандағы баспалдақтың бәрінен абыраймен өткен. Жастар газетінің бар тіршілігі оған алақанындағыдай айқын. Ал «Социалистік Қазақстан» елдегі ең басты партиялық газет, оның табиғаты мүлде бөлек. Онда да істеп, өзімді тағы бір сынға салып, байқап көргенім дұрыс шығар деген ойға бекінді ақыры.

Жақсы журналисін, қабілетті қызметкерін, оғландай оң қолын қай бастық оп-оңай жіберсін. Тәуекелдік шешімін сездірген кезде Сейдаған да орынбасары Болатты біраз үгіттеп бағады. «Дырдай креслон мен көлігінді әлдеқандай завотделдікке айырбастап... Мен де қанша отырап дейсін? Өзінді орныма қойып кетем бе?» деп жүруші едім. Бірбеткей мінезіне басқан Бекен түйінді пікірін кесіп жеткізеді: «Сәке, ниет-пейіліцізге рахмет. Аға газеттің аты – аға газет. Батаңызды берініз. Егер, реті келіп, басқа қызметке ауысып, орныңызға мені ұсынып жатсаныз, аға газеттен жастар газетіне келе салу қын емес қой» деп әзілдейді Бекен.

Сөйтіп, тәжірибе теріп, ысылып сақайған Болат аға портфелін құшақтап, жетінші қабаттан түсіп, үшінші қабаттағы «СК»-ның киелі кабинеттерінің бірі – Әдебиет және өнер бөлімнің төріне отырады. Үш бірдей құзырлы кеңсенің органы есептелеңін ежелгі қара шаңырақ басылымның коллегия мүшесі

деген қосымша мәртебесі және бар. Мұндай лауазымның құдіреті о заманда кез келген облыстық газет пен жастар басылымынан биік есептелеңін. Бірақ! Гәп осы жалғыз ауыз сөздің айналасында аз уақыт қоламтадай бықсып-басылған. Тағы да казақиң көреалмаушылық пен іштарлық. «Мұнысы өскені ме, өшкені ме?..» Қаңқу лепес Бекеннің өз құлағына да жетіп жатты. Не десін?! Баяғы сабырлығына жендірген ол, бәріне тек адад еңбегімен жауап беруді алғы кезекке қойды. «Мейлі, жұрт айта береді ғой». Дәл солай болып шықты да.

Қысқа мерзімнің ішінде зиялды қауымның көкейіндегі мен ойындағы толғакты мәселелерді, проблемаларды жан-жағынан қаузап көтерген бөлім жаңа өріске ұмтылып, серпіле жұмыс істеді. Газет бетіне көшілік сусап отырған әдебиетке, мәдениетке, өнерге қатысты қалтарыста қалып, оншалықты мән берілмей, тіпті ұмыт бола бастаған тақырыптарды тереңнен толғап, үңгіп жазуға бел буған бөлімнің өзгеше тынысы өркештеп, көзге де көрінгені шындық. Жақсыны, ізденісті байқаған оқырмандар редактор Сапар Байжановқа тікелей звондал жеткізіп жатса, әншайінде тыныш орындарынан қозғалуға енжар қаламгерлердің өздері әдебиет бөлімнің есігін жиі ашатын болды. Жай келмейтін олардың дені қолжазбаларын әзіл-қалжыңмен ұсынғанды әдетке айналдырған. «Сықиған партиялық газетінің «СК» соңғы кезінде тіптен танымастай өзгерді. Өздерің расымен әдебиет басылымына айналып барасындар ма? Қалай?..»

Ал бөлімнің бүкіл ауырталығы мен жауапкершілігін қиналмай көтерген Бекеннің өзі өткенді жаңғыртып, екі жылдың бедерінде қандай жұмыстарды жүзеге асырғаны жайында мереілнене әнгімелеген. Кәнеки, кұлақ түрелік:

– Намыс қайрағын жаңыған жерде нәтиже бар. Табан астынан не айтайын. Ойға оралғандарын тізіп көрейінші. Өзің де қонігі газетшісің, қай басылым болсын оқырман назарын негізінен әдеби дүниелер аударады деп түсінеді. Алайда, көлдей-көлдей әнгімелер мен романдарды тоғытып, бірінен соң бірін жариялай алмаймыз ғой. Газеттің беті бар-жоғы төрт-ақ бет. Өте шектеулі. Шіркін, қазіргідей жағдай болғанда, қыруар қызығылтық материалдарды әр бөлімнен он, он екі, он алты бетке шекесінен шертіп тұрып іріктеуге әбден мүмкін. Несіне бүгежектейміз, бүгінгі көп журналистер әлсіз, мақаланы

байтып, талдап, өзіндік ой-пікірімен тереңірек толықтырып әзірлемейді. Қобіне, алдын-ала қолдарына ұстата салған мәлімет-деректерді қаз-қалпында бас-аяғына бірдене қосқансып жібере салады. Иі қанбаған, шалажансар тілмен құрау-құрау көктелген материалдарды кім сүйсініп оқиды? Ешкім де оқымайды! Бұл пікірім құргақ емес, кез-келген газеттен мысалды көтеп тізіп бере аламын. Қажеті шамалы. Кезінде өмірлік проблема саналатын тіл туралы, әсіресе журналистика тілі жайында ұлken-ұlken сын макалалар жаздық та. Мен өзім атақты біртуар редакторлар Шерхан Мұртаза, Сапар Байжанов, Сейдахмет Бердікуловтардың көрігінен өткен қаламгермін. Олардың қай-қайсысының да жұмыс стилі, ұстанған үрдіс-қағидасы өте қатал. Құшті талап бар жерде сәтті іс те көрінсе керек.

Жылт еткен жақсылықты дер кезінде ескеріп, олқы тұстарымыз бер кемшілігімізді бетке айтудың арқасында «СҚ»-ның ажары да, мазмұны да өзгеріп, көп үдесінен табылғаны рас. Руханият мәселелерін қозғаған, сондай-ақ, тарихи-танымдық келелі проблемаларды өзек еткен материалдарды қос подвалға жариялауды үрдіске айналдырық. Жалпы, бөрін қайталаамай, сол уақытта қалың оқырман ойынан шыққан айдарларды атасам да біраз жайдан хабардар болар еді әркім-ақ. «Ой мен өнер адамы», «Жазушының жол дәптерінен», «Поэзия бұрышы», «Уақыт және қаламгер», «Кино көкжиегі», «Өнер көзі – халықта», «Жазушы және өмір», «Бес өлең», «Жас таланттармен таныстырамыз», «Тілі басқа – тілегі бір, жузі басқа – жүрегі бір» рәуішті рубрикалар аясында бой көтерген сүбелі туындылар көз алдында сайрап тұр. Авторлар құрамы да екшеліп-іріктеліп басылым беделін айбарландыра тустан. Әйгілі сөз зергерлері Габит Мұсірепов, Жұбан Молдағалиев, Әзілхан Нұршайықов, Жекен Жұмаханов, Мұқағали Мақатаев, Фариза Онғарсынова, Тоқаш Бердияров, Марфуға Айтхожина ең үздік шығармаларын тек бізге ұсынып жүрді. Мактанаrlық мәртебе емес пе?!

Басымды шүлғи отырып, қай-қайдағы есіме түсіп мырсылдағам. Бар ынты-шынтымен ықыластана өткенді еске алған Болат аға түсін сүтқан.

– Неге күлесің? – деді ыңғайсыз кейіпте.

– Жәй, әншнейін. Осыдан шамасы, қырық жыл бұрынғы бір оқиғаның...

– «Ленжаста» жүргенде ме?

– Иә, жаңа өзіңіз айтқан Мұқағалидың «Чили шуағым менің», Фариза апайдың «Сақ болындар, адамдар!» поэмалары жарияланғанда Сейдағаның тас-талқан боп тұлағаны әлі есімде. Лездеме үстінде ме, жоқ әлде макетті бекіту кезінде ме?.. Әдебиет бөлімінің бастығы Аян Нысаналингे қатты шүйлігіп ұрысқан-ды. «Өз аяғымен келген жақсы дүниелерді жамбасыңа басып алып, авторларды зар қақсатасың. Не сұмдық мұның! Қастандық па, қызғаншактық па? Тартпаңда сүрлеп жүргенінде, ә-не Бодаубаев бұркыратып шығарды да жіберді. Бүгінгі «СҚ»-ны көрдің бе? Қараши....». «Өзімізден шықкан жалғыз қызды неге ренжітесің, осы? Фариза өзі хабарласып, кешірім сұрап жатыр. Поэмасын Бодаубаев сұрап алыпты да, бірден нөмірге салдырыпты».

Сөзімді аяқтатпай, жүзі жылып, әлгіндегі шуақты райына түсінен Бекен:

– Сейдахметтікі дұрыс, – деді әлденені ойына түсіргендей сәл бөгеліп. – Шырылдайтын жөні бар. Мұқағалидің поэмасы жастар газетінде біраз жатып қапты. Автордың өзінен естігем. Фаризаның жаман жазбайтыны белгілі ғой. Қолға тиісімен, тез-ақ жарияладық. Мұндай бәсеке өзара қыrbай «СҚ» мен «Ленжастың» арасында ежелден болып жататын. Мен ол үшін Сейдағанды еш кінәламаймын...

Сырт көзге «жұмсақ» болп көрінетін Болат ағаның өз ұстанымы, өз көзқарасы бар, мінезді адам екені осы бір пікірлерінен де анық байқалады.

Кара шаңырақтағы екі жыл журналист-жазушының өмірбаянына осылайша бедерленіп жазылды. Сөз киесін ұстаған жаңа достар мен ақылгөй ағалардың қатарын қалындақтан жемісті жылдар ілгері жетелеген. Биікке өрлеген баспаңдақтар құптілеу күдіктерді сейілтіп, тағы бір жауапты қызметке шақырғандай. Бар жағдайды анық түсінген редактор Сапекен де жарқылдап қуанған.

– Болат, көремісің. Сені бұл биікке адал енбегін шығарып отыр. Қызмет қолдың кірі деп жатамыз. Сөйтседағы осыдан екі жыл бұрын мансапты орнынан қинап жібергендей, «текке қозғалттым ба?» деп журуши едім. Енді міне, Орталық Комитетке – Үлкен үйге кетіп барасын. Жолың болсын! Жұмысың ауыр. Бір жақсылық, таза творчествоңды қолға аларсың. Жақсылық нышаны. Біздегі екі жылғы шығармашылық енбегін Қазақстан Журналистер одағының

сыйлығын алды. Лауреатсың. Басқа не айтамын, жалғыз бұйымтайым – орныңа төзетеп дұрыс жігіттің бірін ұсынғайсың...

– Сапеке тілегінізге рахмет. Ал әдебиет бөліміне Қарағандыдағы Ақселеу Сейдімбековті шакыртсаны қайтеді? – деді Болат бөгелмesten.

– Дұ-р-ыс таңдау сыйылды. Ол езі таяуда ғана «Орталық Қазақстанға» жауапты хатшы бол өсті емес пе? Ақселеуің келе қояр ма екен?..

– Тамырын басып көрдім... Келгісі бар...

– Ендеше, тұра қазір сөйлес. Шұғыл жетсін екі-үш күннін ішінде. Біздің «СҚ»-ға керек кадр. Жағдайын жасаймыз...

Осылайша өрлеу баспалдақтары биіктей берді. Өмірдің ыстық-суығынан өткен белгілі қаламгер Болат Бодаубаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде он жылға жуық жауапты қызметте істеді. Одан кейін республикалық «Жалын» баспасының директоры, «Қазақкітап» республикалық кітап саудасы бірлестігінің Бас директоры, халықаралық «Заман-Қазақстан» газетінің Бас редакторы, Парламент Сенаты аппаратының Аударма редакциясының бастығы тәрізді түрлі лауазымды қызметтерді абыраймен атқарды.

Руханият әлеміндегі қаламгер ізі ап-анық сайрап жатыр. Қай қызметте жүрсе де ол өзінің сүйікті көсібінен, қаламы мен ала қағазынан бір елі көз жазған емес. Көргенін, түйгенін, екшегенін ой сұзгісінен өткізіп, сикыр сөзben өрнектеуде.

## «ЖАС ЖҮРЕКТЕРДЕН»... «ПРОКУОРДЫҢ АЖАЛЫНА» ДЕЙІН

Болат Бодаубай – алуан қырлы қаламгер. Журналистика мен жазушылықты телқонырдай катар толғап келе жатқан суреткердің сырлы палитрасы сан бояулы, өзінше бір әлем. Бейнелеп бедерлесек, алау романтикердің өршіл өмірін арқау өткен алғашқы жинағы «Жас журектерден» бастау алған бейнетті де, мархабатты әдебиет жолы күні кеше ғана оқырман қолына тиғен шым-шытырман оқиғалы «Прокурордың ажалы» атты кітабына үзілмей ұласып отыр. Қара сөзben өрілген кенеусіз қазынадан талғампазда, кіді оқырман өзіне қажетін теріп алады. Бүтіп сөз саптауымыздың ыңғайын кез келген өрелі жан сезсе керек. Өкініштің сол, көп жазармандарымыздың күлдібадам, шалажансар шығармаларынан шашып алар елең еткізер

керегінді іздел таппайсын-ау. Еріксіз қампиган кітаптардың нәрсіз қалжасына түңіліп қарның ашады. Оңтайлы тұста тіл ұшына оралған ойларды шідерлей алмадық. «Айтылған сөз – атылған оқ». Эйтпесе, қай қаламгер жақсы жазғысы келмейді дейсің. Шыны, солай. Жүйріктермен жағаласқан жабылардың көмбе төбесінен жылт етіп жүргені де ұшырасады. Бүгінде оған таңданбайтын болдық...

Кәнекі, өзіндік қолтаңбасына ынтыға құлаған Б.Бодаубайдың киял домнасында қайнап-пісіп, жүрек қылын тербер туындыларын, кітаптарын рет-ретімен еске түсіріп көрейікші. Олар – «Желсіз тұнде жарық ай», «Дети одного дома», «Май жанбыры», «Тайна старой тетради», «Қарт тергеушінің әңгімелері», «Смерть прокурора», «Тандамалы», «Тұлға», «Прокурордың ажалы» әңгімелері, хикаяттары мен романдары. Ол көркем аударма саласында да бұршақтатып тер төккен тәлімді тәржімашы. Орыстың атакты классик жазушысы Н.Носовтың «Дымбілмес пен достарының хикаялары», «Дымбілмес Күн қаласында», «Дымбілместің Айға саяхаты» атты ертегі-романдарын, Юз. Алешковскийдің «Кіш, Қоспорфель және бір аптадағы оқиғалар», «Кіш екеуміз Қырымдамыз» деген повестерін қазак тілінде майын тамыза сөйлеткен. 2002 жылдан бері әлденеше рет қайталап басылған «Заң терминдері сөздігі» авторларының бірі.

Қаршадайынан қасиетті тіліміздің мәйегін бойына сінірген, сөз құдіреті мен тылсымын тамыршыдай тани білетін жазушының қай туындысы болсын тартымды оқиғаларға құрылғандықтан бірден баурап алады. Алтын тіндей тартылған шығарманың қызыл өзек желісі құмарландыра жетелеп, зейін ықыласынды ерекше аудартудағы жазушының шеберлігін айғақтаса керек. «Шақырады жол алға», «Желсіз тұнде жарық ай», «Май жанбыры» хикаяттары тұнған лиризм, балдәурен балалығын соғыс өрті қарыған, ерте есейген жалын жүректі бозбалалардың өмірге, болашакқа құштарлығы жан-жақты суреттеледі.

Бір-бірімен үндес туындылардағы арманшыл өрендердің келешектеріне сеніммен киял самғатып, қыыр-қиядан жылтырап көрінген мақсат-мұдделеріне қол жеткізуегі қыншылықтар мен кедергілерге мойымай, қайта керісінше, өжет іс-әрекеттерге батыл қадам жасауы сәтті, нағымды көрсетілген. Автор орталық кейіпкерлердің мінез-құлқын,

өмірге деген өзіндік көзқарасын, ең ақыры айнала-төңірегіне бейжай қарамай, жаңадан жолықтырған жандардың бойынан байқаған, тосындау шалынар ұсақ-түйек қылыштарына дейін сергек көніл бөледі. Таптаурын трафареттен аулақ, шынайыштрихтар мен ұтқыр детальдар арқылы өрілген оқиғалар хикаяттардың бәсін енселең тұр. Повестерде жастар арасындағы сүйіспеншілік сезімдері, махаббат ірімдері, жан толқыттар тебіреніс толқындары мен ғажайып көніл күйлерін жазушы нәзік нақыстармен кестелейді.

Сондай-ак, Бодаубай өз шығармаларында композициялық желінің әу бастан бекем тартылуына айрықша мән береді. Себебі белгілі, ширатылмаған сюжет көркем дүниенің әлсіз, дүмбіlez бол шығуна ұрындырады. Осы ораіда қарапайым, бірақ өте орынды қолданылған, ұтқырлықпен пайдаланылған эпизодтар шығарма шырайын ажарландырып, үстемелеп тұрса керек. Эрине, мұндай шеберлік ұшқындарын сезімтал жазушы Болат қаламынан молынан кездестіреміз. Характерлер сомдаудағы, кейіпкерлердің ішкі психологиясына, бас геройдың (ол үлкен болсын, кіші болсын) тұлғасын мейлінше ашып көрсетуде табиғат пейзажын шебер килюастырады. Мұндай мезеттегі қаламгер бейнелеген мезгіл суреттері жәй әшейінгі табиғат көріністері емес, образды кескіндеудегі, оның ішкі ірімдерін тереңірек ашудағы әдеби көркем элементтер деп үгамыз. Бір жақсысы, жазу мәнер-машығы қалыптасқан жазушының ділмәрсып сөз сапыруға, табиғат көріністерін ұзак-сонар суреттеуге әуес еместігі әр шығармасынан атойлад шалынады.

Әңгімеміздің тиегіне айналған үш хикаяттан шағын үш үзікті әдейі назарларыныңға ұсындық. Таланттың қабілет-қарымы, сөз сөлі, тіл қолданысы ап-айқын байқалуы тиіс. Төмендегі беташар-абзац «Шақырады жол алға» хикаятынан келтірілген:

«Мениң өмірім әлі алда. Жасым он алтыдан жана асты. Енді бірер айда оныншы сыныпты бітіремін. Алдыма қойған мақсатым бар. Сол мақсатқа жету жолында не істеу керек болса да – дайынмын. Түбінде ойға алған мақсатыма жетемін де. Барлығы да рет-ретімен жузеге асуға тиісті. Сондықтан менің келешек өмірім осы бастан жоспарлаулы. «Адамға өмір бір-ақ рет беріледі, оны өкінбестей етіп өткізу керек» дегенді Николай Островский айтқан жоқ па еді.

Ендеше өмірдегі әр сағат, әр минут қымбат. Мен өз өмірімнің әрбір күнін, сағатын текке өткізбей, болашақтағы үлкен арманыма жету үшін қызмет еткізуге біржола бел байладым. Сондықтан мектеп бітіріп аттестат қолыма тиісімен, бірден окуға аттанбай, әуелі өндіріске барып жұмыс іstemekпін».

Алақандай әлкіссадан дәүір тынысы, уақыт талабы айқын сезіледі. Жігерлі өреннің оптимистік ойлары, келешегіне сенімі ның. Екінші ауыз сөзден үмітке толы көркем күндердің көкжияғі көрінгендей.

Мөлдір сезім мен таза адамгершілік асыл қасиеттерді әспеттейтін екінші хикаят «Желсің түнде жарық айдың» орта тұсынан ойып алынған мына бір үзіктің бірігіп оқынғышы.

«Шын асылдар әрине, өмірде өзі тенденс, өзін үгіп, түсіне алатын жандарды іздейді. Бірақ кейде олардың да қателесуі, асыл деп ойлағаны жасық болып шығуы мүмкін. Оңдайда олар азап шегеді, қасыретке душар болады, бірақ бұдан ол асылдың бағасы кеми ме? Жоқ кемімейді. Асыл – неғұрлым асыл болса, оның сезімі де, қайғы-қасіреті де солғұрлым терен болуы заңды. Әйтпесе, өмірде өз жүргегін бүтін біреуге, ертең екінші адамға ала жүгіріп, алаөкпе болып жүргендегі, шындаң сүймейтін, сондықтан ешкім үшін, ешқашанда шындаң күйіне білмейтін, тастан тасқа секіріп, жеңілtek акқан таяз су сияқты барқадарсыз, баянсыз жандар аз дейсің бе».

Сүйіспеншілік сәт! Кез келген жастың өміріне елеулі өзгерістер үялтар сәулелі шақты әркім өзінше қабылдап, өзінше ой түйеді. Махаббат ұшқыны шарпыған хикаят қаһарманының пәлсапалық тұжырымы көп қатарластарының ой-пікірлерінен биік жатыр.

Ал «Май жаңбыры» повесінде болашак жас журналистің республикалық басылымда өткен үш айлық тәжірибе кезінде бастан өткен килем-килы жағдаяттар өзек етіп өріледі. Шығармандың негізгі кейіпкери естен кетпес ұмытылмас күндердің әсерін тебірене толғайды. Туындыда назар аударар тартымды оқиғалар мол. Оның бәрін бұтарлап талдаудың қажеті шамалы. «Теніз дәмі – тамшыдан» демекші, осы хикаятың ен соңындағы түйінді мөлтек монологқа көніл аудартуды жөн көрдім.

«Табиғаттың мынадай уылжыған, тамаша, ал ертеңі одан да ғажап шағы менің де бойыма өлшеусіз жігер құйып, куатымды

тасқындағандай. Өз бойымнан көптен бері байқалмаған алапат күш сезіндім: жан-дүнием қазір жаңбыр шайып өткендей, немесе анау бұлттардан біржола айығып келе жатқан аспандай таза; сана-сезімім бұрауы келген домбыра шегіндей болып, тиіп кетсе әсерленіп, ән салып тұр. Осындағы ғажайып, бақытты сәт – көптен күткен арманым емес пе еді...»

Асая өмірдің күжірейген жалына ұмтылған, арынды өзеннің өріне қарсы жүзген, шындалу мектебінің ыстық-сұығында жалтақтамай күн кешер шарболат үрпақтың бейнесі жүректерге қуаныш үйіргендей. Мінеки, жазушы Болат Бодаубай сомдаған образдар бізді де алабөтен қанаттандырған. Өйткені, жалындағы жүрек жарқырап көріну – жастарға ғана жарасар тамаша қасиет. Тәлім-тағылымы, ұлгі-өнегесі, мақсат-мұддесі ғұмырлы туындылар авторлық кредитан да хабардар етері даусыз.

Жазушының «Қарт тергеушінің әңгімелері», «Прокурордың ажалы», «1932» т.б. әңгімелері мен хикаяттарында да алуан-алуан тағдырлардың өмірлері, бастаң кешкен қасірет-кесапттары, зобалаң жылдардың запыранды оқигалары әр қырынан көркем бейнеленеді. Кеңес дәүіріндегі көп қаламгерлер ашып көрсетуге батылы жетпеген келенсіздіктер, зымиян саясаттың іштеп үнгіген жұмысқы іс-әрекеттері, ұсақ-түйек көрінетін кейбір толғакты мәселелердің бет-перделесін паршалаған өткір туындылар ешкімді де бейқам қалдырmasы анық.

Сөз ләмінде сан мәрте ескерткеніміздей, Болат Бодаубай сөз сырын өте терең танитын, дегдар да бекзат суреткер. Оған нақты дәлел – жоғарыда біз әңгіме өзегі еткен шүрайлы тілмен жазылған шығармалар. Кестелі ой өрімдері, тұщымды сюжеттер мен бейнелі сөздер шығарма шырайын шығарып, мазмұн сапасын жоталандырып-ақ тұр.

Шығармашылық адамдарының өз жетістігі, өз биігі, өз шыңы болады. Сол аскар асуларға әркім әрқылы жолдармен қол артары бағзыдан белгілі жәйт. Біздің Бекең өз биігін таза, адал, жанкешті еңбегімен бағындырған қалам иесі. Аты-жөнін қалың оқырманы ардақтап, аялаған оның кітаптары жайында ақын-жазушы замандастары ұдайы жоғары баға беріп, жылы лебіз білдіріп жатады. Осы тұрғыдан келгенде атакты академик, кара қылды қақ жарған тарлан сыншы Рымғали Нұрғалидың зор ілтишаты назар аударапты: «Болат Бодаубай әдебиетке көлденен,

кездейсоқ емес, өмірден келген жазушы. Оның шығармаларында тазалық, сыршылдық, қаламгерлік көркемдік сипаттарымен бірге қазіргі өмірдің нақты моральдік-этикалық, адамшылдық-кісілік проблемалары астасып жүретіні де сондықтан.

Көркем әңгіме, повестерінде автор сол бір сыршылдық желілерді, адам жандуниесінің сәулелі сұлулығына деген іңкәрлік сезімін есте жоғалтпай, қай шығармасында да өзекті әуен-ырағындағы айналып-соғып отырады...

Халқымыздың рухани қазынасының ататегі әдебиет мұддесі үшін шығармашылығымен де, қоғамдық қызметімен де жан сала араласып жүрген қаламгердің жемісті ізденісі мерей марқайтады».

Бұдан артық баға да, даңқ та болмас, сірә! Сөз киесін асқақтатқан әйгілі әдебиет тамыршысының жүрекжарды шынайы лебізін іштей қуана қайталауды.

Айтпақшы, өткен жылдардан тағы бір жағдай жаңғырғандай. Кезінде жата-жастана бас көтермей, қызыға оқыған «Шақырады жол алға» хикаятына Бекең өзінің қол астында істейтін ақын бауыры Кеңшілік Мырзабековten эпиграф келтіргені еске түсіп, осының жай-жапсарын сүрадым.

– Ақын-жазушылардың көвшілігі эпиграфты ұлылардан алатын еді ғой, Беке. Сіздің бұл ісінің қаламгерлер арасында біраз түсінбестік туғызған секілді. – Ол әлдене ойна түскендей жылы жымиып, күлімсіреді. Артынша:

– Сенің бұл айтқаның дұрыс, Жанатжан, – деді ол бір кезде «Лениншіл жаста» өз қарауында қызмет атқарған маған да ағалық ретпен іш тарта сөйлеп. – Көріп жүрміз ғой, ақын-жазушылардың барлығы өз шығармаларына эпиграфты классиктерден, атақтылардан, ұлылардан іздейді. Ал эпиграф деген сөздің мағынасы не дегенге келсек, оған сөздіктерде «шығарманың мазмұнын, идеясын ашуға сәулесін түсіріп тұратын өзге бір автордан алынған цитата, үзінді» іспетті түсінік беріледі. Менің ол повесімнің кейіпкери мектепті енді бітіріп жатқан он алты жастағы түлек еді. Алыс қыырлар, беймәлім қызық келешек қол бұлғап шакырып тұрғандай көрінетін еді оған. Кеңшіліктің сол кезде жазған өлеңі маған үнады. Ол өлеңнен мен өз кейіпкерімнің ішкі әлемімен үйлестік, үндестік таптым. Кеңшіліктің сондағы өлеңі мынау болатын:

Өлара мезгіл... Он алты жаста едік біз,  
Өлара өтсе өруге жүрген елікпіз.  
«Сансыз табандар сарсылған дүние, сені біз,  
Тауыса алмаспыш, армансыз кезсек» дедік біз.

Жалғыз да жарым жорытпай жайық жапанға,  
Тұяғы барлар туған соң тыныш жатар ма!  
Қырық құбылып құралай ертең өткен соң,  
Құлындаі ойнап шығамыз біз де сапарға.

Тұнеріп аспан, томсарған бұлттар қарсы алып,  
Жауар ма екен ебіл де себіл тамшы ағып.  
Жасамыс аспан жаңа бір ұрпақ келгенде  
Жасаурап алып жылайды, әйтеүір, жар салып...

Мениң кейіпкерім де Кеңшіліктің өлеңін-  
дегідей өлара мезгіл өтісімен (оку бітірісімен)  
өмірдің асау ағынына араласуға асыққан жалын  
ұрпақтың, жаңа дәуірдің өкілі еді. Он алты  
жаста ол да Жамбыл облысында орта мектепті  
бітіре салысымен құлындаі ойнап, алыс сапарға,  
Қостанай облысындағы Бүкілодактық комсомол-  
жастар құрылышына аттанды. Осылай өмірге  
қадам басқан әрбір алау ұрпақты жасамыс  
аспаның көзіне жас алып қарсы алатыны да  
маған ұнады. Мен осы өлеңді алдым да өзімнің  
жанадан жазып бітірген, жарияланғалы жатқан  
хикаяттыма эпиграф етіп койдым да жібердім.  
Кеңшілік қатты қуанып, алғыс айтты.

Содан арада біраз уақыт өткенде бір күні  
Кеңшілік маған келіп, күтпеген тілегін білдірді:

— Беке, — деді ол, — сіздің менің өлеңімді  
повесінізге эпиграф етіп алғаныңыз біраз жүрттың  
қызғаныш сезімін туғызып жүр. Біз Бекене  
барып айтып, келесі басылымдарынан сенің  
өлеңінді алдырып тастаймыз дегенді айтады.  
Егер олар келсе, сізге сондай ұсыныс айтса,  
орында маңызшы, айтқандарына қоңбенізші, —  
деді анқылдан.

— Уайымдама. Повесть келешекте қанша  
рет басылса да эпиграф ретінде алынған сенің  
өлеңіңмен бірге шығады, — деп сендердім оны.

Кеңшіліктің ескерткен сөздері жай емес  
екен. Бір күні маған Кеңшіліктің қатары, тағы  
бір талантты ақын інім Жарасқан Әбдірәшев  
жолынды.

— Беке, — деді ол күлімсіреп. — Өлеңін сіз  
повесінізге эпиграф етіп алғалы Кеңшілік  
досымыз бәрімізді қырып кете жаздап жүр.  
«Ешқайсың менен асқан ақын емессіндер.  
Қайсынан қай жазушы өз шығармасына эпиграф  
алып жатыр?» деп жалына қол тигізбейді. Соның

әптігін басып, келер басылымда өлеңін эпиграфа  
қыстырмай, алыш тастаңызшы. Бұл жалғыз мениң  
емес, бірнеше ақын інілеріңдің өтініші.

Мен Жарасқан ініме Кеңшілікті расында да  
талантты ақын деп санайтынымды, ал оның  
бұл өлеңі мениң повесімнің кейіпкерінің ішкі  
әлемімен үйлесетінін айттым. «Сондықтан ол  
эпиграф алдағы басылымдарда да қала беретін  
шығар» дедім.

— Өлеңі үйлескеннің өзінде де қарауыңызда  
қызмет істеген адамнан эпиграф алғаныңыз  
былайғы жүртқа оғаш көрінер деп ойламайсыз  
ба? — деді Жарасқан.

— Ондайға мен мән бермеймін, — дедім, күлп.

Жарасқан інім ары қарай сөз жарыстырмады.  
Кетіп қалды. Кейінрек «Қазақ әдебиеті»  
газетінде оның маған арнаған эпиграммасы  
жарық көрді. Әзілдеп мениң суретімді салғызып,  
«Болат Бодаубаевқа» деп тақырып қойып, астына  
мынадай өлең жазыпты:

Журналист деп білетүғын ел атын,  
«Желсіз түнде жарық айға» салатын.  
Абайдан сөз таппағандай әйтсе де,  
Сондай сөзді жазбағандай көп ақын,  
Кеңшіліктен эпиграф алатын,  
Осы, міне, Бодаубаев Болатың...

Жарасқаның «Желсіз түнде жарық айға»  
салатын деп отырғаны менің сол кезде шықкан,  
ішіне Кеңшіліктен эпиграф алған шығармам  
енген повесть және әңгімелер жинағының  
атауы еді...

Иә, әдебиетші-қаламгерлер арасында мұндағы  
зілсіз әзіл-қалжындар бола береді. Алаштың  
акының ақындары санатында ұдайы аты-жөндері  
егіз айтылатын Кеңшілік пен Жарасқан да  
бұл фәниден көшкелі талай жыл дөңгелепті.  
Қайран, достар, жатқан жерлерің жарық болғай!  
Жарасқанмен «Лениншіл жаста», ал Кеңшілікпен  
«Социалистік Қазақстанда» қоян-қолтық қызмет  
атқарып, бір қазаннан дәм татқан соғыстан соңғы  
алаңсыз ұрпақтың өкілі едік біз...

## БІР ФАСЫРДЫҢ ТЫНЫСЫ

Ендігі сыр үзігі — жазушы Б.Бодаубайдың  
кітап бол шықпай жатып-ақ жүртшылық назарын  
аударған романы төнірегінде. Бұл күнде оқырман  
қауымның қозайымына айналып, колдан-колға  
түспей, кітапқұмар әр шаңырақтың жәдігери

саналатын «Фолиант» баспасынан жарық көрген туынды аты – «Тұлға», жанры – сыр-сұхбатқа құрылған ғұмырнамалық роман. Әп дегеннен ескертерім, бұл дүниені қолжазба қүйінде ең алғаш оқығандардың бірімін. Қалай дейсіз ғой? Сәл шыдаңыз, рет-ретімен жеткізейін асықпай.

Сиясы кеүіп үлгірмеген Бекенің қолжазбасының дені біздің «Егемен Қазақстан» газетінің «Етженді» арнаулы толстушка нөмірінде басылғаны көзі қарақты оқушының есінде шығар. Бастықтардың сұзгісінен өтіп, бас бармақтары басылған түпнұсқаны маған, яғни жауапты хатшыға тапсырады. Оナン кейінгі тағдыры менің қолымда деген сөз. Қалың нөмірге жоспарлап, әдемілеп безендіріп-киндіру керек. Осы уақытта макетті әшекейлеп сызып отырып, қолжазбаны запасқа, беттеу-каттау цехина жібермей тұрып оқып шығамын. Газет бетіне шыққанша шыдамай, осылайша құмарлануымның өзіндік себебі бар. Сыр-сұхбаттың басты кейіпкері Еркеғали Рахмадиев аға менің әке-шешеме, бүкіл әuletімізге бөтен жан емес. Қасиетті Шұбартау топырағында дүниеге келген. Менің де атапанам, бабаларым сол топырактан. Демек, олар жерлестер. Тағдырластар. Ерағаның өзі есіне алғандай, «аштықжылдары зобаланғатускен жұрт босып, күнкөріс қамымен Балқаш көлінің бойына жылыстайды. Сөйтіп, әркім тағдыр тауқыметін кешеді, «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей. Теніздің арғы-бергі бетін жағалаған ауылдар бірімен-бірі араласып, қарапайым тірлік сауған. Осылайша ересектер – шал-кемпірлер, кейінрек олардың балалары өзара бауыр басып, ағайын бол кеткен ғой. Аядай Балқаштың шығыс бетін айнала қаумалай қоныстанған Алғазы, Қарақұм, Сарықамыс, Асанбай, Тікшоқы, Саяк, Шұбартау, Ақтогай, Ақбалық, Карапыған, Жанатілеу, Жанаөндіріс, Фрунзе, Үлгі, Лепсі, Қөпірлік, Сарыесік, Коржынқол, Әңши, Байшегір, Ақыңқ әтірізді іркес-тіркес көл ұстасып жатқан ауылдардың ақжүрек адамдары да бір-бірімен жекжат-жұрагатқа айналған-ды. Фасырға жуық өмір сүрген менің әке-шешем есімдерін бүкіл Қазақстан билетін Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев, Бекен Жылысбаев, Сара Тыныштығулова секілді әйгілі өнер жүлдіздарын әрдайым мақтаныш сезіммен «өзіміздің елдің балалары» деп отыратын. Ұлыларды ешқашан бөлген емес. Олар да туған, өсken жерлеріне жыл құстарындағы сағындырып жиі келіп тұратын. Еркеғали аға бертінгі жылға

дейін қол үзбей, біздің ауылға шешемнің туған ағасы, колхоз-совхоз басқарған, соғыс ардагері нағашым Төлеуғасым Қайшыбаевтың үйіне досжарандарымен екі-үш күн қонақтап, аң аулап, балық аулап рахаттанып аунап-кунап қайтатын. Ал атақты композитор, қазақ музыкасының могиканы жөнінде Болат ағаның кітабынан үзінді-тараулар бере бастағанда, тоқсандарғы асыл анамның тағатсыздана әлсін-әлсін телефондаганы есімде. «Жанат-ау, сендердің газеттерің жазыпты. Біздің Еркеғали Рахмадиев туралы жаңа кітап шыққан көрінеді. Мінеки, өзім оқып отырмын хабарды. Соны тездетіп тауып, қатынаған біреу-міреуден беріп жіберші...» Илешала Бекен өз қолтаңбасын жазған «Тұлғаны» мамамның қолына жеткізгем. Өкінішке қарай, қатты аңсаған кітапты, аяқ астынан екі көзі көрмей қалып (көрілкten, әрі тұмадудан кейін жер сипалап қапты), өзі оқи алмайды. Күні-түні қасына немересі Әдеміні тапжылтпай отырғызып, басынан-аяғына дейін дауыстаратып оқытып, түгел тыңдапты. Қандай құрмет, қандай құш! Елең еткізер бұл штрихты жайдан-жай келтірмеді. Шешем «оқып» шыққан сол кітапты, теңіздің арғы бетінен конактай келген сексендердегі кенже-нағашым Барак коярда-көймай Саяққа алып кетіпти. «Өзіміздің Еркеғали туралы екен. Жақсы болды ғой. Біздің жаққа әлі түскен жок...».

Деректі прозаның дүлділі Bolat Bodaybay жаңа шығармасында өзгеше өріс, тосын тыныс танытады. Төрт жұз беттік көлемді туынды алғашқы параптарына үнілген мезеттен-ақ магниттей тарта жөнеледі. Ынтығып, шөліркеп, қызыға бас қоясын. Төсөлген қалам қуаты жалықтырмай ілгері жетелей береді, жетелей береді. Кезінде осы тұрпатта сипатталатын белгілі орыс жазушысы Александр Бектін «Арпалысы» мен көрнекті қазақ қаламгері Әзілхан Нұршайықовтың «Аңыз бен ақыраты» туғызған жаңғырықты қайталаған әсерге бөлери анық. Өйткені, жоғарыдағы қос кітаптың да негізгі кейіпкері басы ноқтаға симаған, Алаштың айбарлы батыр перзенті Бауыржан Момышұлы болса, Б.Бодаубай романының бас қаһарманы – Еркеғали Рахмадиев.

Тұтас бір туындыға алтын арқау болған қазақтың Еркеғалиы кім еді? Есімі жалпақ жұртқа данқты тұлғаны екі-үш ауыз сөзben бейнелеп таныстырысак.

Ол – Қазақстанның және КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның

Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кенесі мен Қазақстан Парламентінің әлдененеше дүркін депутаты.

Ол – қазақ руханияты мен мәдениетінің, Үлттық музика мен театр өнерінің ардактыabyзы. Жұздеген ән, романс, вальс, сюита, пьеса, увертюра, симфония, оратория, оперетталардың, әйгілі «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Абылай хан» операларының авторы.

Ол – мемлекет және қоғам қайраткері. Қөрнекті композитор, мындаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.

Табиғатынан әңгімешіл, шешен, сегіз қырлы өнерпаз, көпті көрген қазына-қарт көкейінде, жансарайында сайраған сырын әдемілеп шертеді. Авторға «тек ақиқатты жаз, бұрмалама» деп шарт қояды. Қын талап. Әткен ғасырлардың сал-серілерін көрмесе де, анызға бергісі өмірнамаларынан мол хабардар, жиырмасыншы ғасырдың дарабоз «перілерімен» тонның ішкі бауындай коян-қолтық араласқан сиректердің сойынан. Осындағанда тірі тарих, ғұлама қайраткермен сұхбат құрып, тең дәргейде тілдесуге кез келген қаламгердің жүрегі дауалай бермейтіні және аян. Бірақ, қарымды, өресі де білігі де биік Бекен тәуекел желқайығына отырып, шексіз-шетсіз мұхитты сәтті «жүзіп» шығады.

Әңгіменің мейлінше тартымды әрі қызықты өрбі үшін тізгін ұсташы ретінде көмейіне тығылған өткір де, шетін сауалдарды ірікпей көлденең тартады. Еш қымсынбайды, еш секемсіз қойылған әрқылы сұрақтарға кейіпкер барынша бүкпесіз жауап береді. Басты гәп осында. Шындық айтылған жерде шынайы шығарма туса керек. Осы орайда көнігі қаламгер түйіні қын мәселелерді шеберлікпен дамыту барысында, дүйім жүртты алаңдатқан сауалдарды көңіл ауанына байланысты бірде жұмбақта, тағы бір тұста астарлап, тіпті қажет кезінде төтесінен ұсынады. Оқиға желісіне қөгенделіп қалған оқырман да бір ысып, бір суып дегендей ғажайып күйге түсетеңін романның өнбойынан жи ұшырасады. Еріксізден жазушы қабілетіне тәнті болып, суреткер шеберлігіне қайран қаласын. Жұлдызың тағдырдың бүкіл бітім-болмысы да дәл көз алдында әр қырынан сомдалып тұлғалана түседі. Тарих шежіресі, заман лебі, дәүір демі, тұған ел жылнамасы ап-анық өркештеліп, тараудан-тарауға ынтықтыра жетелейді.

Кере қарыс романның мазмұнын шолып шығу мүмкін де, мақсат та емес. Бір ғасырдың

шежіресі көркем кестеленген ғұмырбаяндық белелестердің қай-қайсысы да назар аудартады.

Балалық шақ, түртінектеп білім іздеу кезеңі, әр күні айға татитын алау жастық дәурен, отбасылық қызығы мен қыындығы қат-қабат жүретін өрісті жылдар, ел мен мемлекет жауапкершілігі ишқа түсken қызмет бабындағы ауыр асулар. Бәрі-бәрі... кітапта шынайы, нанымды қөрініс тапкан. Тағы да қайталаймын, оларға тоқталмай Ераған әңгімелеген Алаштың ардактылары мен аскар шоқылары саналатын тұлғаларың аты-жөндерін тізейінші. Құр әшейін тізім емес. Танымыңызды кеңейтіп, тарихқа сапар шеккізеді.

Автор кейіпкері Ерағаның өткен ғасырда жақсы араласқан, бәріне іні-дос бола білген қазақтың асыл азаматтары Габит Мұсірепов, Мұқан Төлебаев, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Қали Жантілеуов, Евгений Брусиловский, Қабиболла Тастанов, Нұрғиса Тілендіев, Шәкен Айманов, Мәжікен Бутин, Фарифолла Құрманғалиев сияқты ұлтымыздың ұлағатты тұлғалары туралы да елге беймағлұм сырларын айтқызып, солар туралы тағымды, қызықты, тамаша әңгімелер өрбітеді. Айтылған азаматтардың есте қалатындағы биік бейнелерін сомдайды. Бұл – Болат Бодаубайдың шеберлігі мен тапқырлығын айфактары сөзсіз.

Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, қөрнекті қаламгер Болат Бодаубайдың шығармашылық әлемі тұрасындағы толғаныстың тізгінің тартпай, еркін кесілдік. Оның да сыры бар. Публицист-жазушының жүрегін жарып шыккан қай туындысы да мойын бұрғызып, жітірек жанар жүгіртуді қалайды. Өмірге іңкәр, келешекке құштар үлкенді-кішілі кейіпкерлермен бірге тыныстағын келеді. Ұшқан ұя, есken орта, туған жер – алтын кіндікке байланған қылыш-қылыш тағдырлардың азапты да, азат өмірін қара сөзбен әспеттеген жазушы үнін тыңдай бергін келеді...

